Алатау

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 40 (1095)

14.10.2022

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚАРАТАЛДА КҮРІШ ОРУ НАУҚАНЫ АЯҚТАЛДЫ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА КҮРІШ ӨСІРЕТІН ЖАЛҒЫЗ ӨҢІР – ҚАРАТАЛ АУДАНЫ. ЖЕР ЫҢҒАЙЫ МЕН КЛИМАТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІНЕ ҚАРАЙ ДӘНДІ ДАҚЫЛДЫҢ ОСЫ ТҮРІМЕН МҰНДА 3 ІРІ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНҒА ЖУЫҚ ШАҒЫН ШАРУАҚОЖАЛЫҒЫ АЙНАЛЫСАДЫ. БИЫЛ АУДАН 3 МЫҢ ТОННАДАН АСТАМ ӨНІМ АЛЫПТЫ.

Жалпы ауданда 24 800 гектар суармалы егістік болса, соның 8 мың гектары – дәнді дақыл. Өткен жылы күріш 800 гектарға егілсе, биыл 950 гектардан өнім жиналған.

30 жылдан бері күріш өсіріп оны өңдеумен айналысып келетін «Үштөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аудандағы ірі шаруашылықтың бірі. Шаруашылықтың 1351 гектар жері бар. Онда майбұршақ, дәнді дақылдар мен мал азығы егіледі. Биыл күрішті 260 гектарға сеуіп, одан 1100 тоннадан астам дән жинады. Өнімнің орташа шығымы 40ц/га құрап отыр.

Мекеме басшысы Арман Ахметбаев өткен жылы 500 гектарға күріш егіп, оның 240 гектарынан су тапшылығына байланысты өнім ала алмағандарын айтты. Сол себептен осы жылы күрішті тек 260 гектар жерге еккен.

– Бұрынғы жылдарға қарағанда биыл су жеткілікті, ауа райы да қолайлы болды. Соған қарай өнім жақсы шықты. Қазір жиын-терін науқаны аяқталып қалды. Дақылды сабағынан кесеміз, бір аптадай алқапта күн астында жатып қураған соң күріш дәні жиналады. Сосын қоймаға апарып бастырамыз. Серіктестіктің цехында қаптап, нарыққа жөнелтеміз. Өніміміз негізінен жергілікті тұрғындарға саудаланады, Жетісу мен Алматы облысының сауда орындарына жіберіледі, – дейді серіктестік директоры А.Ахметбаев.

Күріш жинау басқа дақылдарға қарағанда үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ол суда өсетіндіктен алдымен орып, одан кейін кептіру қажет. Осы орайда шаруашылықтағы агроном Вилорий Цой үкімет тарапынан барынша көмек көрсетіліп жатқандығын жеткізді. Жалпы саны отызға жуық техниканың он бірі мемлекеттен беріліпті.

– Бізде күріштің қызылордалық «Янтарь» және ирандық «Кусар» сорттары егіледі. Бұл екі сортқа белгілі себептермен тоқталдық. Ауданымыз салыстырмалы алғанда солтүстік аймақта орналасқандықтан және Қаратал өзенінің басында отырғандықтан, алқап суаратын су жылып үлгермейді. Біздің осындай ерекшелігі бар климатымызға осы екі сорт көбірек қолайлы. Өнім сапасын төмендетіп алмау үшін екі жылда бір рет тұқымды жаңартып отырамыз. Өзім зейнетке шыққанмын, бірақ шаруашылыққа көмектесіп, тәжірибемді жастарға үйретіп келемін, – дейді серіктестіктің агрономы Вилорий Цой.

Дала төсін дүбірге бөлеген шаруалар астықтың бір талын да шашпай жинау үшін күн-түн демей жұмыс жасауда. Жаңа техникалардың арқасында бір комбайншы күніне шамамен 20 гектар егістікті шаба алады.

Жалпы Қаратал ауданы бойынша үш ірі, жеті ұсақ шаруашылық күріш өсірумен айналысады. Мемлекет тарапынан оларға көктемгі және күзгі дала жұмыстары үшін 800 тонна дизель отыны бөлінген. Шаруалар өздеріне керекті жанар-жағар майды көктемгі егістік жұмыстарына наурыз айынан бастап, күздегі жиын-терінге шілде айынан бастап аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастар бөліміне өтініш қалдыру арқылы ала алады. Келер жылы тағы жаңа техникалар алуды көздеп отырған «Үштөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өнімдерін екі есеге көбейтуді жоспарлауда.

Айдана СМАҒҰЛ

НЕГЕ?



БАҒА АСПАНДАП БАРАДЫ

Қазақта «Ас атасы – нан» дейміз. Бірақ оның қадір-қасиетіне жетпейміз. Күнделікті жұрт тұтынып жүрген азық-түлік бағасы қолжетімді болғаны дұрыс-ақ. Алайда қазір керісінше нанның бағасы аспандап тұр. Оның көтерілгені тұрғындарды алаңдатып отыр. Мәселен, өңірде бөлке нан бағасы 160 теңге болса, қара бидай ұнынан жасалған нан бағасы 200 теңгеге дейін сатылуда.

2022 жылғы маусымда азық-түлік тауарларының бағасы өткен жылғы маусыммен салыстырғанда 19,2 пайызға өсті. Мұндай деректерді ұлттық статистика бюросы келтіріп отыр. Биыл республикада 342,4 мың тонна нан өндірілді, ал баға өсімі 19,4 пайызды құрады.

Мамандар мұның себебін елімізде орын алған құрғақшылықтың салдарынан, егістік көлемінде бидайдың аз болуынан деп топшылауда.

Ал еліміздің ауылшаруашылық өнімдерінің көп бөлігі экспортқа бағытталған. Соның ішінде ұнымыз да бар. Иә, біздің ұнның әлем бойынша беделі бар, тіпті, экспорт бойынша көштің басында 2-ші орында тұр. Бүкіл халық тұтынатын қазақстандық ұн Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Қытай және басқа да елдерге экспорттады. Егер азық ең әуелі өзімізге жетпейтін болса, оны өзге елге шығарып, шет елдің нарығын көтергеніміздің бізге қандай пайда?

Қымбатшылықпен қалай күресіміз десек, ең бірінші ұсыныс көлемін арттыру қажет. Яғни, өндірістерімізді көбейтіп, одан алатын өнімнің де мөлшерін ұлғайтуымыз тиіс. Егер тауар көп болып, ал сұраныс төмен болса оның бағасы мүлдем көтерілмейді. Ендеше басты мәселе – өндіріс компаниялары мен диірмендердің дамуына келіп тіреледі.

Расында, мемлекетте ұн өндіру саласы мемлекеттік қолдау мен дамытуды қажет етеді. Себебі осыдан 20 жыл бұрын елімізде 2300 ұн өндіретін компания болса, содан қалған 300-ге жуық диірменнің 50 пайызы банкротқа ұшырап, тоқтап қалған, жұмыс орындары қысқарып, жабылып жатыр. Трейдерлер күзде диқандардан бидайды сатып алып, шетелдерге сатуда. Ал ұн тартатын диірмендер шикізатқа зәру болып отыр. Бұл жағдай да өндірістің құлдырауына әкеліп соғады. Онсыз да ас-ауқатқа ақшасын әзер жеткізіп отырған халыққа бұл жайттың бәрі соққы болып тигені жасырын емес. Жауапты билік мұны түрлі жағдаймен байланыстырады.

«Бақылауға аламыз», «Назарға алынады» сынды жаттанды жауаптардан арылып, баға мәселесіне тура қарайтын кез жетті емес пе? Қалай айтсақ та баға байлауға көнбей барады. Бұған жауаптылар да үнсіз отыр. Неге?

А. НҰРЖАПАР

БАСПАСӨЗ - 2023

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Началась подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕСС-ТУР

ҚАРАТАЛ ӨҢІРІ ТҰРАҚТЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

ҚАРАТАЛ АУДАНЫНДАҒЫ «КАЗСИЛИКОН» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ЖОҒАРЫ САПАЛЫ КРЕМНИЙ ӨНДІРЕТІН ЖАЛҒЫЗ ЗАУЫТ.

Кәсіпорынға ағымдағы жылы жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, жеті жылдық үзілістен кейін қайта іске қосылған. Жаңартулардың арқасында кварц өндіру қуаты жылына 40 мың тоннаға, ал одан кремний жасау қуаты 6 мың тоннаға жеткен. Заманауи технологиялардың барлығы кремниймен жұмыс жасайтындықтан бүгінде жоғары сапалы металға шет елдерден келетін сұраныс өте жоғары. Қазіргі таңда дайын өнім Жапония мен Еуропа елдеріне экспортталуда.

Өндіріс орны жалпы саны 250-ге жуық жергілікті тұрғынды жұмыспен қамтып отыр. Қызметкерлер үшін комбинатта барлық жағдай жасалып, ыстыққа төзімді сырт киімдермен, арнайы аяқ киім, бас киіммен қамтамасыз етілген. Зауыттағы негізгі пеш, көпсатылы сүзгілер, газдан тазарту қондырғылары үздіксіз айналымда тұратындықтан мамандар бес ауысымда жұмыс жасап, өндіріс орнын қараусыз қалдырмайды. Зауыттың бас директоры Марат Серсеновтың сөзінше сұраныстың артуына байланысты кен орнында тағы бір пеш салу жоспарлануда.

«Өнім көлемін арттыру үшін биылдан бастап зауытта екінші пештің құрылысын бастап, 2023 жылы іске қосамыз деп жоспарлаудамыз. Қазіргі таңда шетелдік серіктестермен келіссөздер жүргізілуде», – деген директор бұл жұмыстарға 2,4 млрд. тенге инвестиция жұмсалып, қосымша 100 жаңа тұрақты жұмыс орны ашылатынын айтты.

* * *

2018 жылы құрылысы басталған Үштөбе күн электр станциясын «АлматыЭнергоПроджект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі биыл көктемде іске қосты. Станцияның жалпы қуаттылығы 4,95 МегаВат құрайды. Компания өз қаражатына 11 008 панельді Ресей мемлекетінен сатып алған. Бұл панельдердің әрқайсысы күніне 30 МегаВат энергия өндіре алады. Мемлекет тарапынан арнайы 10 гектар жер бөлініп, төрт трансформатор орнатылған. Барлық электр энергиясын арнайы орнатылған қондырғы жинайды. Одан кейін «KEGOC» АҚ желісіне жеткізіліп, тұтынушыларға жөнелтіледі. Жоспар бойынша халыққа бір жылда қуаты 7 млн. кВт-ты құрайтын. Электр энергиясы жіберіліп отырады.

Жетісу облысы бойынша жалпы саны 12 энергия беру нысаны жұмыс істейді. 2025 жылдың соңына дейін тағы 11 жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Олардың біреуі күн электр станциясы.

* * *

«Қазына» Қазақстандағы қойдың жоғары өнімді мал басын экспортқа шығарумен айналысатын алғашқы инновациялық ферма. Кәсіпорынның басты мақсаты – жоғары өнімді асыл тұқымды қой басын көбейту, ет, жүн алу бағытында өнімді арттыру болып табылады. Асыл тұқымды мал басын өздігінен көбейту үшін ферма жанына арнайы зертхана салынған. Бүгінде «Қазына» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде жалпы саны 5000-ға жуық «Гемшир» тұқымды қой бар. Оның 3000 мыңы саулық, 1000-ға жуығы қошқар. Ал қалған асыл тұқымды қойлар келісімшарт бойынша басқа шаруашылықтарға беріледі. «Гемшир» тұқымы қазақстандық қой тұқымдарына қарағанда етті, салмағы ауыр болып келеді. Бір қойдан шамамен 110-150 килограмм таза ет алуға болады. Осыған байланысты сұраныс та артқан. Бүгінде ферма қорында 150 мың ұрық бар. Оның 40 мыңнан астамын Жамбыл облысына жіберген.

«Орта есеппен алғанда күнделікті 20-30 мыңдай ұрыққа тапсырыс беріледі. Қазіргі таңда асыл тұқымды қойға сұраныс артқандықтан мал басын көбейту үшін Британиядан екі қошқар алдық. Олардың әрқайсысының құны 500 мың еуро» – деген ферма директоры Серік Деңгелбай екі-үш жылда бір тұқымдарды жаңалап тұратындарын айтты.

Қазір жауапкершілігі шектеулі серіктестікте 19 тұрақты және 15 маусыммен істейтін жалпы саны 34 жұмысшы бар. Ферма тарапынан қызметкерлерге арнайы 286 шаршы метрлі құрайтын 7 пәтерлі үй салынған. Болашақта ферма аумағын кеңейтіп, жұмысшы санын көбейту жоспарлануда.

Айдана СМАҒҰЛ

МЕДИА ФОРУМ

9 ҚАЗАН КҮНІ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ҚАЗАҚСТАН» ҚОНАҚҮЙІ «GRAND PALACE» ЗАЛЫНДА «ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ» ДЕГЕН АТПЕН II ТҮРКІТІЛДЕС ЖУРНАЛИСТЕР МЕДИА ФОРУМЫ ӨТТІ. БҰЛ ТУРАЛЫ TTJK.INFO САЙТЫ ЖАЗДЫ.

«ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ»

«Шеврон» компаниясы мен «Түркітілдес журналистер қоры» қоғамдық қорының біріккен жобасы халықаралық деңгейде өтті. Форумға Ұлыбритания, Италия, Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен спикерлер келіп, түркі бірлігі, медиасы, ақпараттық ықпалдастық туралы сөз қозғап, пікір алмасты.

Айтулы медиа форум алғаш рет 2018 жылы Ыстанбұлда өткен болатын.

Араға үш жыл салып Алматыда өткен іс-шараға отандық ақпарат саласының өкілдерімен қатар, бауырлас елдердің білікті мамандары қатысты. Атап айтқанда, Түркия Журналистер конфедерациясының халықаралық қатынастар жөніндегі бас үйлестірушісі Мевлут Йени, Анталья Журналистер одағының төрағасы Идрис Таш, Италиядағы Шетелдік журналистер қауымдастығының президенті Эсма Чакыр, Лондондағы «Avrupa Media Group» ақпараттық алаңының қожайыны Ватан Өз, Ташкенттегі «Халық сөзі» газетінің жауапты хатшысы Нұрлан Усманов, Бішкек мемлекеттік университеті журналистика факультетінің деканы Алтын Асанова, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетінің деканы Нұржан Қуантайұлы, «Ана тілі» басылымының Бас редакторы Қали Сәрсенбай, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің басқарма басшысы Ақмарал Пазылова, «Шеврон» компаниясының коммуникациялар және бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі кеңесшісі Айнұр Сағынбайқызы, сондай-ақ, медиа саласының басқа да үздік мамандары бас қосты.

Медиа форумды «Түркітілдес журналистер қоры» қоғамдық қорының президенті Нәзия Жоямергенқызы ашты.

Италиядағы Шетелдік журналистер ассоциациясының президенті Эсма Чакыр «Журналистиканың ықпалы және сөз бостандығы» хақында сөз қозғады. Өзге спикерлер түркі елдерінің ортақ ақпарат кеңістігі, дәстүрлі медиа және жасанды интеллекті, жаңа медианың үдерістері және ақпараттық қауіпсіздік тақырыбында ой қозғап, пікірлерін ортаға салды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Журналистика факультетінің деканы Нұржан Қуантайұлы мен Бішкек Мемлекеттік университеті Журналистика факультетінің деканы Алтын Асанова да журналист кадрларды дайындау туралы пікірлерімен бөлісті.

«Шеврон» компаниясының өкілі Айнұр Сағынбайқызы мен ҚазҰУ Журналистика факультеті ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының меңгерушісі Назгүл Шыңғысовалардың PR білім беру мен компанияның медиа құралдарымен қарапайым жұмысы жайлы ақпараттары аудиторияға өте қызықты болды.

Шара соңында «Түркітілдес журналистер қоры» ҚҚ мен «Шеврон» компаниясының серіктестігінде ұйымдастырылған «Әлеумет – қоғам айнасы» байқауының жеңімпаздарын марапаттау салтанаты болды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АУДАН ТЫНЫСЫ

60 ПӘТЕРЛІК ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНУДА

КӨКСУ АУДАНЫНДА ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНДЕ 1277 АДАМ ТҰР, СОНЫҢ 1044-І БАЛПЫҚ БИ АУЫЛЫ БОЙЫНША ТІРКЕЛГЕН. ОСЫҒАН ОРАЙ ХАЛЫҚТЫ ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНАМЕН ҚАМТУ МАҚСАТЫНДА АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА 60 ПӘТЕРЛІК ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНУДА.

Азаматтар бұл несиелік үйді «Отбасы банк» арқылы ала алады. Аудан әкімдігінің мәліметінше бүгінге дейін 439 адам өзінің төлем қабілеті бар екенін растайтын құжаттарын әзірлеп қойған. Жобаның құны 1 млрд. теңгеден асады. Қазір кірпіш қалау, монолит жұмыстары кестеге сай жүріп жатыр. Қыста ішкі әрлеу ісіне кіріспек. Жергілікті тұрғындардан жасақталған жұмыс бригадасындағылар 400 мың теңгеге дейін жалақы алады. Тұрғын үй орталық жылу жүйесіне қосылады.

Мердігер «Жаркент алғыр» құрылыс компаниясының өкілі Ақиық Ноғай тұрғын үй келесі жылдың басында қолданысқа берілетінін айтады. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында қолға алынған несиелік үй кезектегі азаматтарға берілмек. Инженерлік-коммуникациялық желісі мен абаттандыруын конкурс бойынша жеңімпаз болып танылған тағы бір компания атқаруда.

Бесқайнар ауылындағы 25 орынды шағын орталығы бар 120 орынды мектеп құрылысы да қызу жүріп жатыр. Мердігер «АК Company» ЖШС өкілдерінің сөзінше білім ордасы жоспарланған мерзімнен бұрын бітеді. Бүгінгі таңда құрылыс-монтаж жұмыстары 80, абаттандыруы 70, ішкі әрлеу жұмыстары 20 пайызға аяқталған. Ал бұл жерде 46 адам, 7 техника жұмысқа тартылған.

Аталмыш компания бұған дейін Талдықорғандағы көпсалалы ауруханаңы, Оқушылар сарайын, IT мектеп-лицейін салып, Студенттер үйіне жаңғырту жұмысын жүргізген еді.

Ауданға қарасты Ақшатоған ауылындағы күніне 20 науқасты қабылдайтын фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы да белгіленген кесте бойынша жүруде. Қазір 15 жұмысшы нысанның ішін, 9-ы сыртқы абаттандыру жұмыстарымен айналысуда. Құрылыс жұмысын толығымен қазан айының соңына дейін аяқтау жоспарланған.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ РК

ПРЕДЛОЖИЛ СОЗДАТЬ РЕГИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ООН

КАК ВСЕМ ИЗВЕСТНО, ЧТО КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ВЫСТУПИЛ НА 77-ОЙ СЕССИИ ГЕНАССАМБЛЕИ ООН. ВО ВРЕМЯ ВЫСТУПЛЕНИЯ ГЛАВА КАЗАХСТАНА ПРЕДЛОЖИЛ ОТКРЫТЬ В АЛМАТЫ РЕГИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ООН ПО ЦЕЛЯМ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ И АФГАНИСТАНЕ, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ NUR.KZ.

Токаев заявил, что Центральная Азия — регион обширных возможностей для международного сотрудничества, при этом страны ЦА договорились сообща работать со всеми заинтересованными сторонами.

«Чтобы заняться насущной региональный повесткой дня, которая включает изменение климата, Аральское море, рациональное использование водных ресурсов, демаркацию границ, борьбу с экстремизмом, а также расширение внутрирегиональной торговли. Вот почему мы считаем важным создать региональный центр ООН по целям устойчивого развития в Центральной Азии и Афганистане в Алматы», - заявил президент Казахстана.

Токаев добавил, что Казахстан видит будущее Афганистана «как по-настоящему независимое, процветающее, нейтральное государство, которое живет в мире с соседями». По этой причине Казахстан поддерживает сложный процесс государственного строительства в этой стране, «включая гуманитарную помощь, которая спасает жизни людей».

ОТКРЫТЫЙ ДИАЛОГ

КУДА ОБРАЩАТЬСЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЮ

если к нему пришли с проверкой

Алматинская палата предпринимателей продолжает встречи с государственными органами в формате отрытого диалога. На этот раз палату посетили представители правоохранительных надзорных органов Алатауского района, сообщает пресс-служба РПП города Алматы.

На встрече были рассмотрены вопросы, связанные с соблюдением прав предпринимателей и пути решения.

Глава государства акцентировал внимание на вопросах создания благоприятной среды для привлечения инвестиций, защиты и развития предпринимательства в условиях глобальных и внутренних вызовов. В связи с этим, обозначил ряд конкретных шагов перед государственными органами и палаты «Атамекен». В этом направлении алматинская палата и органы прокуратуры города начали совместную работу по вопросам защиты прав предпринимателей.

«Сегодня мы пригласили представителей рынков «Ожет», «Мизам», «Кенжехан», «Акбулак». У нас сегодня открытый диалог, где практически присутствуют все госорганы. Отмечу, что НПП запустила проект «Экосистема защиты бизнеса», в рамках которого Палата предпринимателей осуществляет защиту прав субъектов бизнеса в тесном взаимодействии с госорганами. Предприниматели могут задавать интересующие вопросы, жалобы, предложения. Вместе постараемся ответить, помочь», – начал встречу модератор, директор Алатауского филиала РПП г. Алматы Нияз Жалгасулы.

Заместитель прокурора Алатауского района Ержан Болатханов отметил, что предприниматели часто жалуются на незаконные проверки, если органы пришли с проверкой необходимо непременно сообщать об этом в органы.

«Всем известно, Президент каждый год говорит, что незаконные проверки недопустимы. Есть мониторинг на сегодняшний день, который запрещает все незаконные проверки. Есть только отдельные моменты налогового законодательства. Предприниматели должны знать, что приходит какие органы, пусть это будет прокуратура, будь это акимат, другие органы, нужно сразу сообщать нам. Даже если контролирующий орган от вас затребуют просто документы, это уже считается проверкой», – сказал Ержан Болатханов.

Первый вопрос касался рекламных вывесок на рынках. Управляющий директор по правовым вопросам рынков пожаловался, что очень часто надзорные органы принимают базарные вывеску за рекламу и выписывают штрафы.

«У меня есть вопрос, касающийся работы «Алматыгенплан», который ведет контроль над внешней рекламой. Орган начисляет плату за рекламу. Не уведомляя нас, приходят фиксирует и сразу начисляет штраф. Мы спросили у них, знают ли они про мораторий на проверки, на что они отвечают, что ведут мониторинг через социальные сети. Этот вопрос касается всех рынков. Приходит начисление, бухгалтерия не знает. Есть моменты, когда с рекламой можно согласиться, но есть и спорные моменты», – сказал юрист Кужат Абылай.

«По рекламе контролирующие органы (генплан, урбанистика) они берут и фиксирует на фото и видео. В дальнейшем все эти материалы передают в налоговый орган. В свою очередь налоговый орган не разбирается реклама это или не реклама, берут и начисляют. Предпринимателю надо четко знать разницу между вывеской и рекламы», – отметил зам прокурора.

Спикер добавил, что сейчас налажена практика обжалования начислений. Если предприниматель уверен, что он не нарушил закон о рекламе, то может непременно обжаловать начисления в экономический суд.

На встрече представитель управления ЧС Нурлан Сейдоханулы разъяснил противопожарные профилактические действия на объектах торговли.

«Идет начало отопительного сезона. Базары часто становятся очагом возгорания. Один очаг может уничтожить сразу несколько рынков. Просим соблюдать пожарную безопасность. В прошлом году два рынка горело «Арлан» и «Казына. По нашей линии последняя проверка базаров была проведена в 2020 году, ввиду моратория. Начался переходной сезон, похолодание идет. Если надо можем сотрудника отправить собрание сделать с продавцами, с предпринимателями объяснить нормы пожарной безопасности. Пожалуйста в любое время обращайтесь, мы всегда открыты», – сказал Нурлан Сейдоханулы.

Также на встрече были озвучены проблемы санитарной-эпидемиологической ситуации на базаре, вывоз мусора, парковочных мест, проблемы стихийной торговли. Встречи с предпринимателями в формате открытого диалога будут проводится на постоянной основе.

Ш. ХАМИТОВ.

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

КАЗАХСТАН МОЖЕТ ВЕРНУТЬ ТИГРОВ

Как передает Sputnik.kz, Казахстан и Россия подписали соглашение о реинтродукции тигра на территорию республики.С помощью российского опыта Казахстан может вернуть тигров в центральную Азию в 2025 году, заявил президент России Владимир Путин.

Во Владивостоке на острове Русский прошел Международный форум по сохранению тигра, в который видеоприветствием выступил президент России Владимир Путин, сообщает РИА Новости.

«Отрадно, что наш опыт востребован в программе казахстанских партнеров, которые занялись возвращением тигров в центральную Азию. Российские специалисты разделяют уверенность, что первые тигры могут там появится в 2025 году. Это инициатива крайне важна», - сказал Путин.

Добавим, что форум проходил на территории Дальневосточного федерального университета 5—8 сентября. В первый день мероприятия Казахстан и Россия подписали соглашение о реинтродукции тигра на территорию республики, часть их могут завезти из Приморья. Соглашение в рамках форума подписали вице-министр экологии, геологии и природных ресурсов Казахстана Алия Шалабекова и министр природных ресурсов России Александр Козлов.

«Предполагается, что первое поколение популяции будет состоять из амурских тигров, в том числе из Приморья», - говорится в сообщении.

По словам первого заместителя министра лесного и охотничьего хозяйства России Алексея Сурового, в Приморье обитает около 70% популяции амурского тигра, поэтому региону предстоит стать донором животных для реинтродукции.

«У нас есть необходимый опыт, чтобы осуществить отлов, реабилитацию и перемещение тигров. Также мы готовы делиться и делимся опытом по охране, изучению этих животных, разрешению конфликтных ситуаций», - добавил он.

Напомним, что правительство Казахстана несколько лет назад объявила планы о реинтродукции тигра на территорию страны. Здесь когда-то обитали тигры, но эти хищники были полностью истреблены во второй половине XX века. Сейчас правительство Казахстана и Всемирный фонд дикой природы (WWF) занимаются восстановлением популяции каспийского тигра.

Программа возвращения тигра в Казахстан долгосрочная. Проект реализуется комитетом лесного хозяйства и животного мира Минэкологии, геологии и природных ресурсов Казахстана при поддержке WWF России, а также ПРООН в Казахстане.

В настоящее время специалисты проводят подготовительный этап к выпуску тигров в дикую природу. Для этого в 2018 году на особо охраняемых природных территориях Казахстана был открыт Иле-Балхашский резерват. Его площадь более 415 тыс. гектаров. Иле-Балхашский резерват вновь станет домом для восстановленной популяции хищников.

Исследования специалистов показали, что амурский тигр — практически идентичен каспийскому тигру. Поэтому в 2025 году в Иле-Балхашский резерват планируется завезти хищников с Дальнего Востока.

Sputnik Казахстан — информационный партнер WWF в Центральной Азии.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

БАЛАЛАРҒА ШҮЙІККЕН ШИ БӨРІЛЕР

АЩЫ БОЛСА ДА ШЫНДЫҚ. БҮГІНГІ ҚОҒАМДА АДАМДАРДАН АСҚАН ҚАТІГЕЗ ЖОҚ. БӘРІ ТАСБҮЙРЕК, АЯУШЫЛЫҚ СЕЗІМДЕРІ ӨШКЕН. КІШІПЕЙІЛДІЛІК, КЕШІРІМДІЛІК ДЕГЕННЕН АДА. БІРІН-БІРІ ТАБАЛАУ, ЖҰЛЫП ЖЕУ, ПЫШАҚТАП ТАСТАУ, ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖАСАУ, ӘЛІМЖЕТТІК КӨРСЕТУ, ҚАҒАНАҒЫН ЖАРЫП ШЫҚҚАН БАЛАСЫН КҮЛ-ҚОҚЫСҚА, ӘЖЕТХАНАҒА ЛАҚТЫРУ, ҚЫЛ АЯҒЫ БУЫНЫ ҚАТПАҒАН СӘБИЛЕРДІ ЗОРЛАУ ӨРТТЕЙ ҚАУЛАП БАРАДЫ. АЙТУҒА АУЗЫҢ БАР-МАЙДЫ. АДАМ БАЛАСЫ НЕГЕ ХАЙУАННАН АСЫП, ЖЫРТҚЫШ БОЛЫП КЕТТІ. ҒАЛАМТОР ЖЕЛІСІНЕ КӨЗ СҮЗСЕҢІЗ, ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ЗӘБІР КӨРГЕНДЕР, СОТ ҮКІМІН АРҚАЛАҒАН АРСЫЗДАРДЫҢ ЖАСАҒАН ІС-ӘРЕКЕТІН КӨРГЕНДЕ ҚАНЫҢ БАСЫҢА ШАБАДЫ.

Алла Тағала адам баласын жаратқанда ақыл-ес, сана берді. Жақсы мен жаманды айырсын, обал мен сауапты білсін, мейірімді болсын деп жүрек берді. Адамның хайуаннан артықшылығы сол. Алайда сол адамзат баласының жүрегі қатайып, көзін шел басып, нәпсісін тия алмай, өз күшігін талғамай жеген до-ңыздың қылығын жасап жүргенін немен түсіндіруге болады. Зорлық-зомбылықтан ләззат алып жүргендерді адам деп айтуға бола ма? Мұндай адамдарды ауру дейін десең, сот үкімі шыққанда әлгі жексұрындардың денсаулықтарында ешқандай ақаулықтары жоқ екені анықталып, 20-25 жылды арқалап абақтыға кетіп бара жатады. Кешегі Кеңестік кезеңде бала түгілі, кәмелет жасқа толған әйелді зорлағандар түрмеге түссе күндері қараң болатын. Ал бүгінгі қоғамда түрмеде отырғандардың 30-40 пайызы зорлық-зомбылық көрсеткендер. Олар абақтыда еш қысылмай, қымтырылмай тиісті жазасын өтеп, тіпті, мерзімінен бұрын шығып тағы да қыз зорлап баяғы әдетіне басып жүр. Оған мысалды алыстан іздеп қажеті жоқ. Жетісу облысы, Панфилов ауданына қарасты «Шолақай» ауылында 15 жастағы қызды зорлап, өлтіріп, өлігін өртеп көміп тастаған жантүршігерлік оқиға биылғы жылдың шілде айында болды. Жасаған қылмысын жасырмақ болған күдікті Рустам Ахметов бұған дейін де кәмелет жасына толмаған қызды зорлап, сотталған. Түрмедегі тәртібі жақсы болғандықтан мерзімінен бұрын босап шыққан. Одан шыққан соң тағы бір мәрте қыз зорлап, жазадан құтылып, сол қызға үйленіп тынған. «Ауру қалса да әдет қалмайды» дегендей, үшінші мәрте тағы да кәмелетке толмаған қызды қорлап, қорлағанымен қоймай өлтіріп, сүйегін өртеп, түк болмағандай жайбарақат жүрген. Міне, біздің қоғамның қылмыскерлерге деген мейірімді көзқарасының арқасында бір емес, үш бірдей кәмелет жасына толмаған қызды зорлаған дойырды мерзімен бұрын түрмеден босатудың ақыры немен тынғанын көріп отырмыз.

Зорлық-зомбылыққа қатысты заңды қатайттық, жасөспірімдерге жәбір көрсеткендерге «катастрация» жасалатын болды деп қуандық. Бірақ оның нәтижесін көріп тұрғамыз жоқ. Екі күннің бірінде балалар зорлық-зомбылыққа ұшырап жатыр деген ақпаратты оқып, зығырданымыз қайнап, қанымыз басқа шабатын болды. Көгілдір экран мен әлеуметтік желіге үңіле қалсаң, «Өгей әкесі болмаса өз әкесі баласын зорлапты, тіпті бұл әрекетін ұзақ мерзім жасап келіпті» деген суық хабардан денеміз түршігетін болды.

Талдықорған қаласында 13 жасар қызға 49 жастағы өгей әкесі зорлық көрсеткен. Бұл оқиғаның анық-қанығын өткен жылы қараша айында мұғалімдер анықтаған. Өрімдей баланың өміріне балта шапқан жексұрын әке 20 жылға сотталды. Бір емес, бірнеше рет зәбір көрген қыз бала өз-өзіне қол салмақ болған. «Бақсам бақа екен» демекші, 49 жастағы өгей әке 2002 жылы Атырау облысында осындай әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылып, жазасын түзеу мекемесінде өтегені анықталған. Екінші рет тұрмыс құрған, зорланған қыздың анасы, күйеуінің бұрын қыз зорлағаны үшін сотты болғанын білмеген. Опасыз әкенің қыз балаға жыныстық зорлық-зомбылықты 8-9 жасынан бастағаны тергеу кезінде анықталған. Панфилов және Талдықорған қаласындағы болған бұл зорлық-зомбылықты жасаған екі қылмыскер де бұрын осындай әрекеттері үшін сотты болғанын ескерсек, қылмыстарын қайталай жасағандарды үшін ұзақ мерзімге соттағаннан қоғам не ұтады. Мұндай тасжүректерді «катастрация» жасағаннан кейін бостандыққа шыққан соң, олардан қоғамға келер қауіп-қатер сейіле ме? Неге бұларды өмір бойы бас бостандығынан айырмасқа деген заңды сауал туындайды. Мәселен, Шешенстанда ана бір жылы қыз зорланған-ды. Заңда ату жазасы көзделмеген болса да, қылмыскерді қабырғаға тұрғызып қойып атып тастаған

бейнежазба әлеуметтік желіге тараған болатын. Бұл халықтың көз алдында болған оқиға. Бізде неге солай жасамасқа деп айтуға біздің құқығымыз жоқ. Біз демократиялы елміз дейміз. Алайда зорлық-зомбылық көрсеткендерді заң аясында жазалаймыз. Мерзімінен бұрын абақтыдан шығып, қайтадан сол қылмысын жасағандар қаншама бүлдіршіндердің обалына қалуда. Олар ұзақ мерзімге сотталғанымен, жәбір көрген жасөспірімнің жан-жарасы жазыла ма? Буыны қатып бекімей жатып, психологиялық соққы алғандар есейе келе ортада қандай адам болып қалыптасады. Олардың жүрегінде үлкендерді жеккөрушілік, оларға деген өшпенділігі ұлғаймасына кім кепіл бере алады. Мың жерден психологтар жұмыс жасағанымен, жәбір көргендердің ортаға қайта қалыптасып сіңісіп кетуі оңайлыққа соқпайды. Өйткені олардың жүректері шошынып қалған. Бойларында үрей басым, әрі қорқақ болып өседі. Тұйықталып қалады. Ардан аттағандар хайуанда бар тектілікті сақтай алмаған, өз жатырына өзі шапқан еркек кіндіктілерді адам деп айтуға аузың да бармайды. Жылқы деген жануар бар, айғыры өз үйірінен тараған ұрпағына шаппайды. Мезгілі келген уақытта ұрғашыларын үйірден бөліп шығарып жібереді. Қазақы тілмен айтқанда, аналық байталдарды бөліп тастайды. Ал адам баласы осы жылқы құрлы бола алмай қалды. Мәселен, Павлодар облысында алты жыл бойы өз қызына зорлық көрсетіп келген жексұрын әкесі 25-жылға сотталғанын «Azattyq Ruhy» сайты әлеуметтік желіде таратты. Көзі қарайған көргенсіздің бұл әдепсіз қылығын алты жыл бойы жалғастырып келгені сотта дәлелденген. Зорлық көрсеткенімен қоймай, дәрменсіз жәбірленушіге венерологиялық ауру да жұқтырған. Үкім заңды күшіне енді, айыпкер абақтыға тоғытылды. Әкесінен жылылық көрмей, зорлық көрген қыздың тағдыры тас-талқан болды. Мұндай арсыздарға 20-25 жыл мерзімге соттау менің пайымымда өте жеңіл жаза. Мұндайлардың жазасы өлім, не өмір бақи түрме болуы керек. Тал шыбықтай бүр жарып, енді көгеріп-көктеп келе жатқан балапандарын аялап өсіріп, ақ жолға салудың орнына бас салып, тәнін-жанын ауыртып, күш көрсеткен тексіздерді әке деп айтуға бола ма? Үстіміздегі жылдың сәуір айында Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында 4 жасар қыз баланы зорлады деген күдікпен 43 жастағы ер адам ұсталған. Бұл жиіркенішті хабар қоғамда біраз ре-зонанс туғызды. Өмірдің ақ-қарасын әлі ажырата алмаған ойын баласына қырма сақал, қырықтан асқан жігіттің қол жүгіртуі қандай адамдық факторға жатады. Тіпті, жүз жерден мас болса да балаға жәбір көрсеткенде «мас болыпты» деп ақтап алуға тұра ма? Соңғы жылдары 3-15 аралығындағы кәмелеттік жасқа толмағандарға зорлық-зомбылық көрсету көрсеткіші көбейіп бара жатқаны ақпарат құралдары мен ғаламтор желісіндегі жаңалықтардан түспейтін болды. Мысалы 2020 жылы республика бойынша кәмелеттік жасқа толмағандарға зорлық көрсетілген 199 қылмыстық іс тіркелген.

2021 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында Қазақстанда кәмелетке толмағандарға қатысты 1,7 мың қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Бұл бір жыл бұрынғыға қарағанда 14,8%-ға артық, деп хабарлайды Egemen.kz Ranking.kz-ке сілтеме жасап.

Кәмелетке толмағандарға қатысты барлық қылмыстардың 58,5%-ы жеке тұлғаға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға жатса, 999 жағдай – бір жыл бұрынғыға қарағанда 14,2%-ға көп. Көбінесе он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе жыныстық сипаттағы өзге де әрекеттер (270 жағдай), зорлау (204 жағдай), жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (180 жағдай), жас балаларды азғыру (125 жағдай), денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру (68 жағдай) сияқты қылмыстар жасалған. Ақпаратты көріп, жасөспірімдерге жасалып жатқан қиянаттың өскенін көру-ге болады. Оларды қорғап қолдаудың орнына, оларға жәбір көрсетіп жүргендермен шынайы күрес жүрмесе, бұл індет асқынып кетуі бек мүмкін. Біз балалардың тәлім-тәрбиесін отбасынан бастау керек деп жүрміз. Ал сол балаларға жәбір көрсетіп жүргендердің тәрбиесімен тек құқық қорғау органдары ғана айналысып жүр. Бұл бағытта жергілікті билік, идеологиялық бағдарламаны күшейтіп, ел арасына құқық қорғау органдарымен жиі шығып, отбасылық мәселелерді талқыға салып, әрі зорлық-зомбылық орын алған жаңұялардағы мейірімсіз әкелерді қатаң бақылауға алуы қажет. Ал зорлық-зомбылықпен сотты болғандарды, әсіресе балаларға шүйіккен ши бөрілерді қоғамнан мүлде аластату туралы қатаң заң енгізілмей, бұл қылмыс тоқтамайды. Бір емес, екінші, үшінші мәрте қылмысқа барғандарды адам санатына жатқызудың өзі әбестік. Себеп, олар жемтігін тек кәмелеттік жасқа толғандардың арасынан іздейді. Әйтпесе, есі дұрыс әке өз баласына қол сала ма? Өгей әке өрімдей балаға қатыгездік жасай ма?

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

200 МЫҢ ТОННА ӨНІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ

СОҢҒЫ ТОҒЫЗ АЙ ІШІНДЕ КӨКСУ АУДАНЫНДА 24,2 МЛРД. ТЕҢГЕНІҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМІ ӨНДІРІЛГЕН. БҰЛ ТУРАЛЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢЫНДАҒЫ БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫНДА АУДАН ӘКІМІ МАРЛЕН КӨЛБАЕВ МӘЛІМ ЕТТІ.

Спикердің сөзінше, аудандағы ауылшаруашылығының егістік көлемі 31710 гектарды құрайды. Қазіргі кезде 9790 гектар дәнді дақыл жиналып, қамба 23,9 мың тонна астықпен толыққан. Өңірдегі негізгі табыс көзі – қант қызылшасы. Ерте көктемнен себілген 1200 га қант қызылшасынан тәтті түбірді жинау науқаны басталған. Қыркүйек айынан бастап зауыт қант қызылшасын қабылдауды бастап, өңдеу жұмыстарына кіріскен.

«Биыл зауыт 200 мың тоннадан астам қант қызылшасын қабылдауды жоспарлап отыр. Сондай-ақ 1 тонна қант қызылшасын 30 мың теңгеден қабылдайды, оның сыртында қосымша тасымалдау жол ақысы төленеді», – деп атап өтті аудан әкімі.

Бүгінгі таңда ауданда күзгі егіс басындағы жұмыстар қыза түскен.

Өнеркәсіп саласына келсек, Көксу қант зауыты биылғы сәуір-қыркүйек айында 18 млрд. теңгеге 48 мың тонна қамыс қантын өндірсе, қазан мен желтоқсан айларында қант қызылшасынан 24 мың тоннадай қантты өндеу көзделуде.

Марлен Қапашұлының айтуынша, майбұршақ өндейтін «Уыз Май Industry» зауыты 4,2 млрд. теңгеге 8,6 мың тонна өнім шығарса, «Строитель» ЖШС 1 млрд. теңгеге 25,6 мың тонна құрылыс материалдарын өндірген.

Шағын және орта бизнесте де дамудың оң динамикасы сақталған. Қазір ауданда осы салада 5687 адам жұмыс жасайды. Есепті кезеңде шағын кәсіпкерлікте өндірілген өнім және көрсетілген қызмет көлемі 5 млрд. 241 млн. теңгегені құрап, бюджетке 426 млн. теңге салықтық түсімдері түскен. Сонымен қатар кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық жобасы аясында жұмысқа орналасуға ниет білдірген 1753 жұмыссыздың 1189-сі жұмысқа орналастырылған. 2021 жылдың қорытындысы бойынша жалпы жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызды құраған.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫНДА

ТАҒЫ 2 СҮТ ФЕРМАСЫ АШЫЛАДЫ

Биыл Кербұлақ ауданында сегіз айдағы өндірілген агроөнімдердің көлемі 12 пайызға пайызға артып, 22 млрд. теңгені құрады, жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 50 млрд. теңгеге жеткізілмек. Бұл туралы Кербұлақ ауданының әкімі Қанат Есболатов баспасөз мәслихатында айтты.

Өз Жолдауында Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы саласын дамытуға ерекше басымдық беріп, аграрлық кешенінің әлеуетін толық іске асыру керектігін тапсыруда. Бұл ретте, биыл Кербұлақ ауданының аграрлық секторына тартылған инвестиция көлемі 9,8 есеге артқан.

Өз сөзінде аудан басшысы Кербұлақ ауданы облыстағы негізгі астық өндіретін өңірлердің бірі екендігін, биылғы жылы да дәнді дақылдар егістігі 2 235 гектарға артып, 99 мың гектарға жеткенін айтты.

«Аудан еңбеккерлерінің тынымсыз еңбегінің арқасында бүгінгі күнге 183 мың тонна астық жиналды, бұл өткен жылдан 15 мың тоннаға артық», – деді ол.

Сондай-ақ баспасөз мәслихатында Қ. Есболатов ауданда егіс көлеміне әртараптандыру жүргізіліп, биылғы жылы қант қызылшасы заманауи технологияны қолдана отырып 300 гектарға себілгендігін де тілге тиек етті. «Бүгінде 58 гектар қант қызылшасы жиналып, орташа өнім 500 центнерден айналды. Көксу қант зауытына 2 400 тонна өткізілді. Келесі жылы қант қызылшасының алқабын 700 гектарға дейін ұлғайту жоспарлануда.

Картоп шаруашылығы да ауыл шаруашылығы саласында басымдық берілген бағыттардың бірі, биыл 1200 гектар егістіктен 24 мың тоннадан астам өнім алынды», – деген Қанат Болатұлы аудан басшылығы келешекте ірі инвесторларды тартып, картоп өндірісін өнеркәсіптік бағытқа алмастыруға жұмыстар атқаруда екенін айтты.

Жалпы облыстағы ауыл шаруашылығы дақылдарының ең ауқымды көлемі – Кербұлақ ауданында, биылғы жылы егіс алқабы 114 мың гектарға жеткізілген. Алайда су шаруашылығы нысандарының ескіруінен суармалы егістік алқаптарының басым бөлігі жер телімі ретінде пайдаланылуда екен.

Спикердің сөзінше мемлекеттік ауылшаруашылық қаржылай қолдау қоры арқылы 14 шаруа қожалығы 280 млн. теңге несие алған. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін техникамен қамтамасыз етуде қажетті қолдаулар көрсетілуде, облыстық бюджет есебінен 27 бірлік арнайы техникамен жарақтандырылып, 3 сервистік орталық жұмыс жасауда. Ағымдағы жылы шаруашылықтар 1,3 млрд. теңгеге 49 жаңа техника сатып алыпты.

Мал шаруашылығы бойынша аймақта мал саны мен өнім өндіру өткен жылмен салыстырғанда орта есеппен 1,9 пайызға өскен. Биылғы жылы 66 мың 623 мүйізді ірі қара болса, өткен жылы 65 285 басты құрапты.

«Мал қыстату науқанының дайындығы 103,7 пайызға артық орындалды.

Яғни, 212 938 тонна шөп, 55 мың тонна сабан, 34 200 тонна пішендеме, 36 683 жемдік азық дайындалды», – дейді аудан әкімі Қанат Есболатов.

Негізінде ауданда 9 мал бордақылау алаңы мен 7 тауарлы сүт фермасы жұмыс жасайды. Болашақта 2 сүт тауарлы ферма: «Абай» және «Ернар» шаруа қожалықтары, бордақылау алаңы – «Сәкен» шаруа қожалығы сынды тағы 3 нысан құру жоспарлануда.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

МЕДИЦИНА

АУДАН ДӘРІГЕРЛЕРІ
Ақтөбе ауылына барды

Шалғай ауыл тұрғындары үшін медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруда Ақсу аудандық орталық ауруханасының дәрігерлері осымен екінші мәрте Суықсай ауылдық округіне қарайтын Ақтөбе ауылына ат басын бұрып, елді мекен тұрғындарын медициналық тексеруден өткізді.

Емхана меңгерушісі, терапевт-дәрігер Айгүл Оралбекова бастап невропатолог Бағлан Сейтқожанова, Суықсай ауылдық дәрігерлік амбулаториясының терапевт-дәрігері Қаламқас Нұрмұханқызы Ақтөбе ауылындағы шағын мектепте тұрғындарды медициналық тексеруден өткізіп, кеңестерін берді. Сондай-ақ диспансерлік учетта тұратын науқастарға тегін дәрі-дәрмектер берілді.

Аудан орталығынан келген дәрігерлер қызметіне тәнті болған тұрғындар ризашылықтарын білдірді. Мұндай медициналық тексеру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасады.

Ақсу аудандық орталық ауруханасының баспасөз қызметі.

«ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ» ҚР КОДЕКСІНДЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУ, АЛДЫН АЛУ, ЕМДЕУ ЖӘНЕ ОҢАЛТУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫҢ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНДЕ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУЫ ТИІС ЕКЕНДІГІ АТАП ӨТІЛГЕН.

Дүйсенбі - Понедельник, 17 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.25, 03.25«Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 02.45 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 02.10 «Өмір көркем»
13.10,21.30 Т/х «Бақыттың кілті»
14.10 «Апта»
15.15, 03.00 «Солтүстікке қош» арнайы жоба
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Ауылдастар»
20.35«Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»қоғамдық бағдарлама
00.35 «Сана» Ток-шоу
02.10 «Өмір көркем»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.35 М/с «Мишки-братишки.Снова вместе»
11.00,20.00 «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Мегахит «В прямом эфире»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
23.00Сериал«Вопреки судьбы»

АСТАНА

06.00Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 Т/х «Ене»
11.30, 23.50 «Күң мен ханзада»
14.30 «Көру керекі»
17.40 «Кішкентай келін»
19.20 «Сонар»
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
23.50 «Шырмалған шындық»
01.30 «Жұрттың балалары»
02.00 «Бақыт құшағында»
03.15 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той базар»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.50 «Уроки счастья»
14.10, 02.25Новости
14.20, 03.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 04.10Басты жаңалықтар
19.00, 03.25 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Полицейское братство»
00.40 «Собор»
01.40Сериал «Охото на изюбря»

КТК

07.05 «Жат туыстар»
08.30 «Соломоново решение»
12.30 «Танец мотылька»
16.30, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30, 04.00-04.30Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Медиум»
00.00Х/ф«Морские дьяволы.
Дальние рубежи»
01.50 «Королева бандитов»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Ай мен күн» телехикаясы
14.30 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.40 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Қасиетті Қонаев»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 «QR.kz»
19.30 «Жанашыр»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
06.30, 05.00 «Ризамын»
07.00«Таңсәрі»
09.00, 00.10 Сериал «Анупама»
10.00, 10.30 Мультсериал
11.10, 12.15 Сериал «Сеня-Федя»
13.15 Кино «Али, рули»
15.20 Кино «Помпей»
17.30Х/ф «Притворись моей женой»
20.00 «Информбюро»
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Близнецы-драконы»
01.10, 04.60 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp
02.30 «Паутина»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00,19.30 Сериал «Случайный кадр»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
15.00Т/х «Әке мен әке»
16.10, 00.00 «Дылды»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
22.00 «Әке мен әке»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Открылось наследство после смерти Садуакасова Асхата Асетовича, умершего 17 сентября 2022 года. Наследникам обращаться к нотариусу Арманову, А.А., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, телефон: 41-37-73, в срок со дня выхода обьявления в течении месяца.

Сейсенбі - Вторник, 18 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 03.00 AQPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 02.10 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Күйеу бала-2»
14.10, 17.15 «Қызық екен»
15.15 «Тіршілік»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15, 03.00 «Ауылдастар»
20.35 «Берекет кілті-бейнет»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.35 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Келінжан-4»
12.00, 21.00Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Сериал «Вопреки судьбе»
18.00 Новости
19.00Қорытынды жаңалықтар
23.00 «Другая Я»

АСТАНА

06.00Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 Т/х «Ене»
11.30, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30«Айтарым бар»
14.40, 19.20 «Улыбка пересмешника»
17.40 «Кішкентай келін»
19.20 «Сонар»
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
01.50 «Жұрттың балалары»
02.00 «Бақыт құшағында»
02.30 «Той жыры»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той базар»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 02.25 «А у нас во дворе»
13.05 «Дом с лилиями»
14.00, 02.25 Новости
14.15, 03.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 04.10 Басты жаңалықтар
19.00, 03.25 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Полицейское братство»
00.50 «Собор»
01.40Сериал «Охото на изюбря»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.20 Кешкі жаңалықлар
07.50 «Жат туыстар»
09.30 Вечерние новости
10.10, 00.00 Х/ф«Морские дьяволы.
Дальние рубежи»
12.10 «Медиум»
14.30 Х/ф «Беглянка»
16.20, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
18.55 «Қорықшы: қарымта соққы»
19.30, 04.00-04.30Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Медиум»
01.50, 03.00 «Королева бандитов»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Ұйынды мекен» телехикаясы
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 «Жанашыр»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
19.30 «Жаңа Қазақстан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00 Информбюро
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 Сериал «Анупама»
10.00, 10.30 Мультсериал
11.20 «Потомки солнце»
12.50 «Близнецы Драконы»
15.20 Х/ф «Притворись моей женой»
18.00 Х/ф «Шопо-Коп»
20.00 «Информбюро»
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Последсвие»
01.10 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp
02.30 «Паутина»
03.20 Әзіл студия
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00,19.30 Сериал «Случайный кадр»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Әке мен әке»
16.10, 00.00 «Дылды»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»

Сәрсенбі - Среда, 19 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00,03.35 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Күйеу бала-2»
14.10«Зинһар»
15.15 «Рақымжан Қошқарбаев»деректі фильм
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Ауылдастар»
20.35«Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.20 «1001 түн» қоғамдық бағдарламасы
00.35 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00«В фокусе»
10.35 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 Сериал «Другая Я»
18.00 Новости
19.00Қорытынды жаңалықтар

АСТАНА

Профилактические работы до 17.00
17.00«Көру керекі»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
19.20 «Сонар»
20.00 «Астана таймс»
21.00 «Дастан»
21.55Т/х «Жетім жүрек-2»
23.50 «Шырмалған шындық»
01.30 «Улыбка пересмешника»
03.15 Т/х «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той базар»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 02.55 Сериал «А у нас во дворе»
13.05 «Дом с лилиями»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35, 02.25 Т/с «Полицейское братство»
00.50 Т/с «Собор»
01.40 «Охото на изюбря»

КТК

Техническая профилактика
17.05 Мерекелік концерт
17.30 «Жүрегімнің иесі»
18.55 «Қорықшы: қарымта соққы»
19.30, 03.50 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.05 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерные новости
21.40 «Танцы на углях»
23.40 Х/ф«Морские дьяволы.
Дальние рубежи»
01.40 Сериал «Королева бандитов»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Ұйынды мекен» телехикаясы
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 «Жаңа Қазақстан»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Сегодня»
14.10 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.15 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Мамандық маңызы»
19.30 «Жаңа Қазақстан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 20.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.50 Сериал «Анупама»
10.00 31 әзіл
10.30,11.00 Мультсериал
12.00 «Потомки солнце»
13.30 «Последствия»
16.00Х/ф Шопо-Коп»
18.00 Х/ф «Толстяк против всех»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Кино «Говорящие с ветром»
01.40 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What's up?
02.30 Сериал «Паутина»
03.20 « Әзіл студио»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 «Bala batlle»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

Профилактика
17.00 «Q-елі»
17.20 «Женский доктор»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Смерт Объективе»
20.00 «Әке мен әке»
23.00 «Жалдамалы әйелдер»
00.00 «Дылды»
01.00 «Арам ақша. Адал махаббат»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»
05.00 «Қуырдақ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОҚУ ОРНЫ

ШЕТ ТІЛІН БІЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Шетел тілдері және аударма ісі білім беру бағдарламасының профессор-оқытушылар құрамы білімгерлерді кәсіби қарым-қатынаста ғана емес, күнделікті тіршілікте еркін және практикалық тұрғыда шет тілінде сөйлеу үшін барынша күш салады. Ол үшін оқытушылар өз біліктіліктерін арттыра отырып, бәсекеге қабілетті маман дайындауда заман талабына ілесе біледі.

Білім беру бағдарламасының оқытушылар құрамы жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың барлығына шет тілдерінен сабақ береді. 2022-2023 оқу жылында Шетел тілдері және аударма ісі білім беру бағдарламасында жалпы саны 28 профессор-оқытушы еңбек етуде. Олардың ішінде: 2 Phd докторы, 3 қауымдастырылған профессор (доцент), 13 оқытушы-дәріскер, 11 оқытушы-ассистент және 1 аға лаборант бар. 2022-2023 оқу жылында шетел тілдері және аударма ісі білім беру бағдарламасында 427 студент білім алады, олардың 109-і мемлекеттік білім беру грантында, 75 жергілікті атқару органдарының грантында 243 студент шарттық негізде білім алуда.

Шет тілдері оқытушыларына заман талабына сай оқы-ту ережелерін ұстану, оқыту әдістемесін таңдау, пән мазмұнын таңдауға көзқарасты түбегейлі өзгерту, шет тілдерін оқытудың практикалық және жекеәлеуметтік бағытын күшейту сияқты және одан да күрделі міндеттер қойылуда.

2022 жылы білім беру бағдарламасы онлайн-режимде «Білім берудегі рефлексияның тиімділігі» атты облыстық ғылыми-әдістемелік семинар өткізді. Семинарға аймақ мектептерінің мұғалімдері қатысып көптеген тың ақпараттарды біліп, заманауи әдістемелерді меңгерді. Білім беру бағдарламасының оқытушылары тілдік біліктілігін арттыру үшін жыл сайын түрлі шетелдік, әлемдік деңгейдегі курстарға қатысып білімдерін шыңдап, TOEFL және IELTS халықаралық емтихандарын тапсырады.

Оқу орны оқу-әдістемелік кабинеттер мен лабораториялармен қамсыздандырылған. 5 оқу-әдістемелік кабинет, 2 мультимедиа-лингафондық класс, сонымен қатар екінші шетел тілінің практикалық сабақтарына арналған 3 мамандандырылған аудитория бар. Аталған мультимедиалық – лингафондық аудиториялар ағылшын, неміс, кәріс, қытай, түрік тілдерінің тәжірибелік сабақтарын өткізуге арналған. Аудиториялар арнайы бағдарламалармен, дайын сабақтар мен тілді оқыту қосымшаларымен жабдықталған.

Шетел тілдері және аударма ісі білім беру бағдарламасының басты бағыттарының бірі – әлемнің жетекші ғылыми орталықтарымен және университеттерімен халықаралық ынтымақтастықты дамыту. ТМД жоғары оқу орындарымен тығыз және жемісті ынтымақтастық орнаған. Сонымен қатар І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті Италияның Генуя университеті, Ушинский атындағы Ярославль университеті, РФ, АҚШ-тың Теннесси техникалық университеті, Польшаның Лодзь университеттерімен ынтымақтастыққа қол қойған. «Аударма ісі» мамандығының білімгерлері жыл сайын қаладағы «Status» аударма бюросында және Алматы қаласындағы «Консалт Эксперт», «Байтерек-НТ» ЖШС-де, «Омарбекова А. Б.» аударма бюросында, «АКБ Кайнар» ЖШС-да өндірістік іс-тәжірибеден өтеді.

(Бұдан бұрын білім беру бағдарламасы кафедра болып аталған еді.) Кафедраның тарихына тоқталатын болсақ, «Ағылшын тілі» кафедрасы 1996 жылы қыркүйекте І. Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтының филология факультетінде құрылған болатын. Кафедраның негізін доцент, аға оқытушы Р. М. Катенова қалаған. 26 жылда кафедра ағылшын тілі мамандарының 1000-нан аса түлегін ұшырған. Корей, қытай, неміс және түрік тілдері екінші тіл ретінде оқытылады. 2012-2013 оқу жылынан бастап «Аударма ісі» мамандығының қосылуына байланысты кафедраның атауы «Шетел тілдері және аударма ісі» кафедрасы болып өзгерді.

Кафедраның «Шетел тілі: екі шет тілі» және «Аударма ісі» мамандықтары бойынша білім алған түлектер білім беру саласында әртүрлі лауазымдарда жұмыс істейді. Талдықорған мен Алматы облысының жетекші қазақстандық ЖОО-дарында және ағылшын тілі және екінші шет тілдері мұғалімдері, сондай-ақ, әртүрлі мемлекеттік және жеке ұйымдарда ағылшын тілін білетін аудармашылар мен мамандар болып қызмет етуде.

2012 жылдан бүгінгі күнге дейін профессорлық-оқытушылар құрамы шет тілдерін оқыту, көптілді білім беру және аударма мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда. Студенттердің кәсіби және шығармашылық дайындығын зерттеу және жетілдіру мақсатында білім беру бағдарламасы түрлі іс-шараларды ұйымдастырып өткізеді. Ең қабілетті және дарынды студенттер түрлі республикалық жарыстарға қатыстырылады.

М. АШИМОВА,
ШТжАІ ББББ аға оқытушысы.

Қаныша ЖҰМАҒАЛИ: – Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде білім беріп келе жатқаныма 10 жылдан асты. Осы уақыт аралығында біздің кафедра білім жағынан тек қана алға ұмтылуда. Біз жыл сайын 100-ден аса студенттің оқуын жақсы тәмамдауына үлес қосып отырған кафедралардың біріміз. Білімгерлер өздерінің таңдаған шетел тілін аса сүйіспеншілікпен оқып, өз мамандықтары бойынша жұмыс жасап, қоғамға үлестерін қосуда. Біздің кафедра тек қана ағылшын тіліне көңіл бөліп қоймай, екінші шетел тілдері қытай, неміс, кәріс, түрік тілдерін де дамытуда. Кафедра оқытушылары өз кезектерінде студенттерге бар білгендерін аямай үйретуде және олардың қызығушылығын арттыру барысында қолдарынан келгенін жасайтын, алдарына жан салмайтын білімді маман иелері.

Диана ДӘРМЕНБЕК, түлек: – Ілияс Жансүгіров университетінің 2022 жылғы түлегімін. Дана халқымыз «Өмірде екі нәрседен қателеспеу керек: біріншісі – мамандық таңдау, екіншісі – жар таңдау» деген. Кез келген жеке тұлға өзінің мамандығын жүрек қалауы бойынша таңдауы керек. Менің жүрек қалауыммен таңдаған мамандығым ағылшын және түрік тілдерінің ұстазы болу еді. Бұл мамандық яғни, шет тілі: екі шет тілі мамандығын таңдағаныма еш өкінбеймін, қайта мақтан етемін. Себебі ие мен жоғары сұранысқа ие мамандықтардың бірін иелендім. Ал бізге тәлім берген Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушылары өздерінің ісіне мықты, білікті мамандар екендігін айтып, оларға алғысымды білдіргім келеді. Бүгінде аяғыма нық тұрып, адал еңбекпен нанымды тауып жеуіме олардың себепкер болғанын айтқым келеді.

ЕСКЕ АЛУ

ОРНЫ БӨЛЕК БАУЫРЫМ ЕДІ...

Қызығы мен шыжығы қатар жүретін, таусылмайтын сынақтан тұратын жұмбағы көп жалған дүние. Осы жалған тірлікте бір ғұмырға татитын саналы өмір сүрген, ел, туған-туыс арасында орны ерек, жақсылардың қимасына айналған, үлгі етерлік өнегесі мол азаматтар баршылық. Солардың бірі, орны бөлек, туған бауырымдай болып кеткен Төлеу Тұрлығылов тірі болғанында биыл сексеннің сеңгіріне шығар еді...

Адал жар, үлгілі әке, мейірімді ата, қайрымды дос, бауыр бола білген Төлеу Шәкіржанұлы 1942 жылы Сарқан ауданына қарасты Жаңатұрмыс атты шағын елді мекенде өмірге келді. Әкесі – Шәкіржан сұрапыл соғысқа аттанып, Төлеудің дүние есігін ашқанын да, есейген шағын да көре алмады. Ана жүрек ұлына әкенің жоқтығын білдірмей, жетімсіретпей, оқытып, жеткізді.

Оныншы сыныпты тәмамдаған соң ол екі жыл әскери борышын өтеп, Өскемен қаласындағы құрылыс-жол институтына түседі. Аталмыш оқу орнын жақсы аяқтап, жолдамамен Талдықорғанға келеді. Білімді маман біліктілігінің арқасында басшылық қызметке дейін өсті. Әр салада қызмет атқарған ол Аудандық атқару комитетінің мүшесі де болды. Ел ішінде білім-білігімен ғана емес, өзінің қарапайымдылығымен, қайырымдылығымен, мейірімділігімен де құрметке ие болған жан бола білді. Еңбек ете жүріп үйлі болды. Құдай қосқан жары Қаламқас екеуі бес қызды тәрбиелеп жеткізді. Төлеудің анасы келінін қызындай көрсе, Қаламқастың әкесі Төлеуді ұлындай көрген керемет жандар болды.

Ол ешуақытта ұлтқа, руға бөлінбеген, қолынан келсе әркімге де көмек қолын соза білген жан еді. Қаламқас екеуі үйіне келген әр адамға есігін айқара ашып, дастарханын жайып, құрақ ұшатын. Ауылдан келген туыстың ғана емес, бір елдің баласын бауырына басқан Төлеу мен Қаламқастың нағыз жанашыр жандар екенін үйінде тұрып оқып, бітіргендер жақсы біледі. Өз басым да Төлеу бауырымның көмегін көп көрдім. Төрт баламен жесір қалған маған қарап: «Аға, *(мені үнемі солай айтатын еді)* осындай қиындыққа төзіп келетін сізде жігерлі әрі батырсыз ғой» дейтінді. Алматыға көшкенімде, Талдықорғанға қайтып қоныс аударғанымда да қолұшын берді. Менің балаларым оны «көке» дейтін. Сол туған бауырымдай бола білген Төлеудің жасаған жақсылығын көзім жұмылғанша ұмытпаймын. Егер өмірде бар болғанында бала-шағасының ортасында Қаламқасымен бірге сексен жасын тойлар еді. Тағдырға амал бар ма?!

Төлеу бауырым өмірден өткенімен қара шаңырағының оты өшкен жоқ. Бүгінде артындағы ұрпағы өсіп-өніп, тамырын тереңге жайып отыр.

Биылғы жылдың 22 қазан күні оның өмірден озғанына он жыл толады. Алла тағала Төлеу бауырымның артында қалған бала-шағасын аман етіп, ұзағынан ғұмыр бергей. Бірге тумасақ та, бір туғандай болған орны бөлек бауырымның рухы шат, жаны жәнатта болсын деймін.

Апайы – Серік БЕКМЕТОВА

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САҒЫНЫШ

ЕЛІН СҮЙГЕН ЕР ЕДІ

БҰЛ ӨМІР ЕШКІМГЕ ДЕ МӘҢГІЛІК ЕМЕС. КІМ БОЛСА ДА БІР КҮНІ КӨЗ КӨРМЕЙТІН, ҚҰЛАҚ ЕСТІМЕЙТІН, ХАТ-ХАБАР ЖЕТПЕЙТІН ӘЛЕМҒАЙЫП АЛЫСҚА КӨШЕРІ АНЫҚ. АЗАМАТТЫҢ АРТЫНДАҒЫ ІЗІ, ӨМІРІНІҢ ЖАЛҒАСЫ ҰРПАҒЫ, ТУЫСТАРЫ МЕН ТІРШІЛІГІНДЕ СЫЙЛАСҚАН ДОСЖАРАНЫ ЖӘНЕ ЕЛІНЕ СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ЕСТЕЛІК БОЛЫП ҚАЛАРЫ СӨЗСІЗ. ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАНДАРДЫ ТУЫСТАРЫМЕН БІРГЕ СЫЙЛАСҚАН ДОСТАРЫ ӘРКЕЗ САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛМАҚ. МЕН ЕСКЕ АЛЫП ОТЫРҒАН ТЕМІРХАН МЫҢАЙДАРҰЛЫ ДОСМҰХАМБЕТОВ МІНЕ СОНДАЙ АҚЖАРҚЫН, АЙНАЛАСЫНА ШАПАҒАТ НҰРЫН ШАШҚАН ЕРЕКШЕ ТҰЛҒА ЕДІ.

Сол бір жаны жомарт, көңілі ақ адаммен жақын танысып, етене араласуыма кәсіпкерлігім себепші болып еді. Жазиралы Жаркент өңірінде өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының орта шенінен бастап жеке шаруа қожалығын құрып, ұстазым, екі мәрте Еңбек Ері Николой Никитч Головацкийден бойға сіңірген тәліммен алдымен жүгері тұқымын қолға алып, бара-бара дархан дақылдың егістік көлемін жыл санап ұлғайтып, үлкен жетістіктерге жеттім. Жүгеріден түскен толайым табыстарым қожалығымның шаруашылығын кеңітіп, асыл тұқымды мал өсіруді де жолға қойдым. Еңбектегі жетістіктерім мені де атақ, абыройға кенелтіп, елімізде, облыста өткізіліп тұратын әр түрлі кәсіпкерлер жиынында сөз сөйлеп, мәселелер көтеруіме жол ашты.

Астанада өткен осындай бір алқалы жиында Темірхан Мыңайдарұлымен жақын таныстым. Сол жолы ол ауыл шаруашылық өндірісімен шұғылданудың қыр сырын сұрап, бұл салаға өзінің қызығатынын байқатып еді.

Әлі есімде, 2013 жылы Қазақстан Парламент Мәжілісі мен Сенатының депутаттары, ғалымдар, олардың арасында Бақытжан Жұмағұлов, Темірхан Досмухамбетов, ғалым Абай Оразұлы Сағитов ағаларымыз бар, жалпы 15 адам келіп, мен жетекшілік ететін жүгерінің элиталық тұқымын өсірумен шұғылданатын «Ернар» жеке шаруа қожалығы мен жүгері дәнін өңдеп ұқсататын Закир Кузиевтің «Крахмал-сірне» зауытының жұмысымен танысты. Осы жолы депутаттар жаркенттік жүгерішілердің тілектерін тыңдап, «дала аруын» өсірушілерге Үкіметтің субсидия бөлуіне ықпал жасады. Сол кезде мұның игілігін бүкіл облыстағы жүгері өсірушілер де көрді.

Ал мемлекет және қоғам қайраткері, марқұм Темірхан Мыңайдарұлы Досмухамбетов жазиралы Жаркент өңіріне бұдан бұрын да, кейін де жиі-жиі келіп, жергілікті кәсіпкерлермен, әсіресе жүгері өсірушілермен кеңінен танысып, жағдайларын біліп, қолынан келген көмегін жасап жүрді. Депутаттық мандатын кәсіпкерлікпен алмастырған азамат сол кезде жергілікті шаруаларға қолынан келген көмегін көрсете жүріп, олардан өзіне қажет тәжіріибелерді де үйренген сыңайлы.

Ол құрған «Байсерке Агро» ауыл шаруашылық холдингндегі өсірілген мал да, егін де еліміздегі ең алдыңғы қатарлы технологияларды тиянақты қолдану нәтижесінде жоғарғы көрсеткіштерімен өрістетуі өзгелерді таңдандырды. «Байсерке Агроның» егінжайында өсірілген жүгерінің биіктігі бес метрге жетіп, оның әр гектарынан 150 центнерден өнім жиналғаны кезінде бүкіл елге аңыздай тараған болатын. Ал холдинг қарауындағы Голландық «Қарала» сиыр тұқымынан күн сайын 72 литрден сут сауылатыны кезінде мамандар тарапынан сенімсіздік туындатып, арнайы комиссия тексергенде бір сиырдан 77 литр сүт сауылғанын журналистер жарыса жазғанын жұрт осы күнге дейін аңыз етіп айтады.

Жетісу облысының Панфилов ауданында «Байсерке Агроның» шет елдік озық технологиямен жасалған жылыжайы бар. Осы 4,5 гектар жерге жасалған жылыжайдан жыл сайын кем дегенде 800 тонна қызанақ өнімдері өндіріледі. Президенттің Қазақстан агрокешенін әлемнің озық технологияларымен жарақтандыру жөніндегі тапсырмаларына осы «Байсерке Агро» холдингінің қарымды қарекеттері жауап береді.

Темірхан Мыңайдарұлының қандай істі қолға алса да жоғары нәтижеге қол жеткізбей тынбайтын мінезінің бір көрінісі осы «Байсерке-Агро» ғылыми өндірістік холдингінің жетістіктері айқындайды. Тынбай ізденуі мен еліміздегі және шет елдердегі ауыл шаруашылық өндірісінің ғылыми жетістіктеріне сүйенуі шаруашылық жүргізудің, технологияның, жабдықтардың жаңалықтарын кеңінен қолдану көп салалы шаруашылықта бір мезгілде мал шаруашылығын, егіншілік салаларын өрістетіп, олардан алынған өнімдерді ұқсатуға да жол ашты. Астық және мал өнімдерінен макарон, сүт өнімдерінің түрлерін ұқсатып сату, жылыжайдың әлемдегі озық технологиямен өнім беретін түрлерін жасау арқылы халыққа сапалы қызанақ, құлпынай, қияр сияқты экологиялық таза көкөністерді ұсынды.

Ол өзі құрған ауыл шаруашылық холдингін дамытуда шет елдік кәсіпкерлермен тығыз байланыс орнатты. Әсіресе Америкаға барған сапарында «Global Beef investments» компаниясының шаруашылық жүргізудің ғылыми-тәжірибелік тәсілдерін өзінің «Байсерке Агро» холдинігінде кеңінен пайдаланды. Сол арқылы Қазақстанда жоғары генетикалық мал тұқымдарын өсіру және эмбриондар арқылы олардың санын көбейту технологиясын тәжірибеге енгізді. Жұмысты ғылыми тұрғыда алға апару үшін шаруашылығының жанынан генетикалық зертханасы бар селекциялық орталық жасады. Сөйтіп жоғары сапалы сүт беретін гольштейн сиырының тұқымын көбейтті. Бұл мал біздің елдің табиғатына бейімділігімен де ерекшеленді.

Сол сияқты Темекең егіншілік саласында да жоғары жетістікті тәжірибелер мен ғылым жетістіктерін шебер қолданған жан. Ол еліміздегі және шет елдердегі ғылыми зеттеу институтарымен тығыз байланыста болды. Өзіміздегі ҒЗИ қызыметкерлері «Байсерке Агроның» егістік алқаптары мен мал шаруашылықтарын өндірістік тәжірибе алаңына айналдырды. Холдингтің озық тәжірибесі еліміздің ғылымына үлкен көмек болумен қатар, Қазақстандағы азық-түлік мәселелерін шешуге көп көмек жасады. Сапалы мал және астық өнімдері базардағы бағаны тұрақтандыруға септігін тигізгені анық.

Қазір Жаркент қаласының базарларында қызанақ пен қиярдың, құлпынайдың бағасы қысы-жазы бір қалыпта сақталса бұған «Байсерке – Агроның» ықпалы орасан. Жайшылықта еленбейтін, алайда базар бағасын тұрақтандыру арқылы қарапайым халықтың әл-ауқатын жақсартуға, өнімдердің экологиялық сапасын көтеруге қосқан үлесін бағалауға тиіспіз. Өзі өмірден озса да артына өлместей шаруашылықтың үлгісін көрсететін құрылымдарын қалдырған Темекеңнің азаматтық болмысын ұмытпауымыз керек.

Бірде жазда тағы да сол кездегі Қазақстан Парламент мәжілісінің депутаты Қуаныш Сұлтанов ағамызбен бірге Панфилов ауданына Темірхан Мыңайдарұлы келді. Бұл тұста Жаркент қаласының тұрғындары бір спорт орталығына зар болып жүрген. Өңірге ат ізін салған лауазымды тұлғаларға бұл тілектерін айта-айта үмітін де үзгендей жағдайға жеткен болатын.

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында өткен депутаттармен кездесуде өңірдің

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САҒЫНЫШ

құрметті қариялары Қуаныш ағамызға қаратып бірқатар проблемаларын айтты. Сол шешімін күткен мәселелердің қатарында аудан орталығына спорт сарайын салу жөніндегі тілектері де бар болатын. Бұл сауалдың орындалуын сайлаушылар алдында Қуаныш аға әріптесі Темірхан Мыңайдарұлына табыстау жөн екенін әзілдеп жеткізді.

Мүмкін сол сәтте жаркенттіктер тілегінің орындала қоятынына онша сене де қоймаған болар. Алайда мойнына аманат арқалап кеткен азамат өзінің уәдеге беріктігін, іскерлігін көп ұзамай-ақ танытты. Сол жылдың қыс маусымында-ақ Жаркент қаласының Шығыс жақ шетінен үш гектарға жуық жер бөлініп, спорт сарайы салына бастағанда Темекеңнің есімі ел ішінде үлкен құрметпен атала бастады. Келесі 2015 жылдың қараша айында жалпы аумағы 2 гектар 800 шаршы метрді қамтитын спорт кешенінің жабық сарайында 984 шаршы метрлік ойын, 218 шаршы метр бокс, 35 шаршы метр жаттығу залдары және басқа да мақсаттарға арналған бөлмелері бар спорт кешенінің құрылысы толық аяқталып пайдалануға берілді. Оның ашылу салтанатына Астанадан арнайы келген Темірхан Мыңайдарұлы Жаркент өңірі халқының риясыз үлкен алғысына бөленіп еді. «Ел көңілі елгезер» демей ме әр нәрсенің қадір-қасиетін салмақтай білетін халық. «Жүйрікте де жүйрік бар, қазан аты бір бөлек, адамда да адам бар, азаматы бір бөлек» демекші, уәдесіне адал, ісіне мығым осындай жігіттер бүгінгі қоғамда кемшін екенін айтпасқа лажым жоқ.

Ел ішінде мынандай бір түсінік бар егер біреу ауылға немесе ауданға әлдеқандай жақсылық жасаса, ондай атымтай жомарттың сол ауылдың, болмаса ауданның тумасы екеніне күмән келтірмейді. Өйткені бұл үрдіс біздің бүгінгі қоғамымызда солай қалыптасқан. Жаркентке спорт кешенін салғызған Темірхан Досмұхаметовтың басқа аймақтың, сонау Қостанай облысының тумасы екенін білгенде жаркенттіктер қатты таңырқаған болатын. Тіпті «Бұл қалай болды, әлде бір есебі бар ма екен?» деген күмәннің көпшіліктің көкейінде кеткенін де байқағанбыз. Алайда Темекең еңбегіне ешкімнен ақы сұраған жоқ, тіпті осы істі мен тындырдым деген нәмбезі де байқалмады.

Қазір сол Темекең салғызып берген балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі атанған бұл кешенде мыңға жуық жасөспірім спорттың 8 түрінен білім алады. Спорт мектебінің түлектері аудандық, облыстық, республикалық, тіпті халықаралық додалы жарыстарда ауыз толтырып айтарлық жетістіктерге де жетті. Атап айтсақ 3 оқушы бокстан Алматы облысының чемпионы, 5 түлек облыстың күміс жүлдегері, волейболдан үш дүркін облыс чемпионы атанып, 5 волейболшы облыстың құрама командасында өнер көрсетіп жүр. Баскетболдан да, Грек-рим күресінен де осындай жетістіктер бар. Айнұр Аркинова есімді спорт мектебінің оқушысы Джиу-джитсудан Астана қаласында өткен әлем біріншілігінде 48 килограм салмақта күресіп әлем чемпионы атанды. Бұл білім ошағында болашағынан үлкен үміт күттіретін қаншама жасөспірім спортшылар өсіп келеді.

Әрине бұл Темірхан Мыңайдарұлының Қазақстан спортына жасаған ұлағайыр еңбегінің бір парасының ғана нәтижесі. Кезінде еңбек жолын қатардағы жаттықтырушыдан бастаған даңғайыр спортшы Қазақстан Парламентінің депутаты, Спорт және туризм министрі, Жастар ісі және спорт, туризім министрі, ҚР Президентінің іс басқарушысы, ҚР Парламент мәжілісінің депутаты, ҚР Ұлттық олимпиядалық комитетінің президенті тағы басқа да мемлекеттік деңгейдегі жауапты қызметтерді аброймен атқарған азамат еді.

Қазақстан спортын ол басқарған жылдарда әлемдік деңгейдегі барлық жарыстарда еліміздің жампоз спортшылары биік нәтижелермен жеңістерге жетіп, жас тәуелсіз Қазақстанның абыройын асқақтатқанын жақсы білеміз. Оған да бір мысал айта кетсек- 2006 жылы ҚР Туризм және спорт минстрі қызметін атқарып жүргенде қазақстандық спортшылар Астана, Алматы қалаларында өткен әлемдік қысқы олимпиядада 70-тен астам медалға, оның 32-сі алтын медаль болып үлкен жетістікке жеткені дәлел. Темірхан Мыңайдарұлының Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың, екінші дәрежелі «Барыс», «Ресей Федерациясы халықтарының достығы» ордендерімен және «КСРО еңбегі сіңген жаттықтырушы», «Қазақ КСР еңбегі сіңген жаттықтырушысы», «Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері» атақтарымен марапатталуы қажымас еңбегінің лайықты нәтижесі. Қайда жүрсе де айналасына шарапат нұрын шашып жүретін қадірлі мемлекет қайраткерінің өмірден озса да оны жақсы білетін біздер оны әркез сағынышпен еске алып, аруағына тәу етуді парыз санаймыз.

Бүгінде өмірден озған Темірхан Досмухамбетов, кешегі атағы аспантаудай ағамыз Жақсылық Үшкемпіровпен бірге жүрген, дәмдес сырлас болған күндерімізді сағына еске аламыз.Мұндай жандардың қасында жүру мен олардың мінезінен, әдетінен, адамгершілік болмысынан және тайсалмайтын батылдығынан үлгі алудың өзі бір ғанибет. Аттары аталған ағаларымның басты ерекшелігі айналасындағы құбылыстардың бәрін назардан тыс қалдырмай өз ойы мен көзқарастарын батыл айтатыны ешкімге ұқсамайтын қасиеттері дер едім. Сонымен қатар олар қазақтың тұлғаларын ерекше қадірлеуші еді.

Бірде Темірхан Мыңайдарұлы Жаркентке келген сапарында Серік Ақсубаев екеуіміз оның қасында болып, Жаркент өңірінің біраз қасиетті, тарихи орындарын аралатып көрсеттік. Сол сапарында тау қойнауындағы табиғаты тамаша «Жаркент-Арасан» шипажайына да апарғанбыз. Шипажай жанындағы кезінде Димаш Ахметұлы Қонаев атамыз келіп демалған үйді көріп, оның қараусыз қалған сиқына қынжылып тұрып «Жігіттер мынау қасиетті орын, мұнда қазақтың біртуар көсемі Димекеңнің өзі қонып, демін алған. Бұл жерді, мына үйді жүдетпей жөндеп бабында ұстаңдар. Оны жөндеуге қаржыларың жоқ болса мен берейін»,- деп бізді ұялтқаны бар. Осы сөзімен ол ел мен ерді қаншалықты қадірлейтінін білдіріп кетіп еді. Оның бойында, ойында қазақтың көпшілігіне тән кесел, елшілдік, жершілдік деген, бұратарту сияқты жаман әдет мүлде байқалмайтын. «Бар қазақ менің жалғызым» дейтін осындай азаматтар арамызда көп болса еліміздің еңсесі биік, елі бақуаты болары да анық.

Осындай еліне ерен еңбек сіңірген азаматтың, денсаулығы темірдей спортшының ғйыптан келген тәж тажалынан көз жұмғаны өкінішті. Ол өмірден қайтқан соң бар жоғы он күнен кейін ұлы Шыңғыстың Бейбарыс атты баласы туылды. Темекең аман болғанды немерелері Қобыланды мен Бейбарысқа сүйікті ата болары сөзсіз еді. Амал жоқ десек те, «Орынында бар оңалар» демекші, Темірхан Мыңайдарұлы бастап, қалыптастырған кәсіпкерлікті қызы Әлия жалғастырып жүргені көңілімізге демеу.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген жаны жомарт, көңілі ақ халықтың ұрпағымыз. Темірхан Мыңайдарұлы Досмұхамбетовтың халыққа жасаған жақсылықтарын, елге сіңірген еңбегін,оның жарқын бейнесін, кең пейілін әр кез еске алып отырамыз.

Тасқын ЖАПАҚҰЛ,
«Ернар» ЖШҚ төрағасы.

Әңгіме

Балта

Аяқ астынан есіктің алдында жатқан, талай жылдан бері керегіме жарап жүрген балтам жоғалды. Ары іздедім, бері іздедім жоқ. Қора қопсының ішін аударып-төңкеріп, астаң-кестеңін шығара қарадым. Жоқ. Жұмыс күні болған соң қалған «іздестіру» жұмысын жексенбі күнге қалдырдым. Жексенбіге дейін әлі төрт күн бар. «Өз-өзің мығым бол, көршіңді ұры тұтпа» деген тәмсілді ұлық тұтқан қазакеңнің ұрпағы болған соң, дымым ішімде. Үй-жайым жұмыс орныммен іргелес, арасы қарға адым ғана жер. Досхан деген қызметтес дизайнер жігіт қайным болып келеді. Ауылдың шетінен қатынасы қиын болған соң жұмысқа шайтан арбамен келіп жүр. Ол жұмысқа осы балта жоғалатын күні алғаш рет шайтан арбамен келген болатын. Әрі ол үйінде қызу құрылыс жұмысын бастап жатыр. Күдігім соған ауғандай. Күдіктенетін ретке барлық жағы сай келіп тұр. Оның үстіне құрғыр бөлмесіне кіре қалсам жымыңдап көз қысып қояды. Ішімнен: -Бәлем, балтамды сен алдыңау. Ішің майлы болып тұр ғой-ә» деп қояды ішкі түйсігім. Көз алдыма менің «алтын сапты» балтаммен Досханның ағаш қидалап жатқан сәті елестейді. Балта болғанда нағыз «советский балта» еді. Талай тоқпақты көрген, желкесі пісіріле-пісіріле асыл тұқымды бұқаның жотасындай күжірейіп қалған. Ағаштар өзінен өзі қорқып шабыла беретіндей, жүзі ұстарадай өткір еді жарықтықтың! Ол балтаны ұстағалы менімен көршілес тұрғандар талай мәрте базардан қытай балтасын алып, ауыстырып үлгерді. Кешқұрым үйге барсам екі-үш үй алыстау тұратын Құрақ атты көршім жолығып: - Мәке өткен жолы үйге барсам жоқ екенсіз. Су құятын үлкен бөшкеңіз керек еді, - дейді. Түріне қарасам көзі күлімдегендей болды. Көзіне қарап тұрып: - Күреп табатындай белгілі жұмыс орны жоқ. Үй-іші түгелімен жұмыссыз қол қусырып отыр. Өзі тағы үй салып жатыр. Негізі осы пәтшағар ұрлықпен айналысады-ау. Не де болса балтамды осы қу алып кеттіау деген күмәнді ойды іштей Құраққа қарай атып жібергенімді өзім байқамай қалдым.

Ағаш жарылмай қалды. Балтамның табылар түрі жоқ. Бір шапқанда майырылып қалатын қытайдың балтасы болғанда ішім ашымас еді. Нағыз балтаның төресі еді.

Тағы да бір күн өтті. Аяқ астынан жиенім келе қалсын. Аға өткен жолы тойға шақыру таратып жүріп көлігіммен үйіңізге соқсам, есіктеріңіз құлыптаулы. Ары-отырып, бері отырып болмаған соң көршілеріңізге қалдырып кетіп едім. Әйтеуір аманат қой, соны алғаналмағаныңызды білейін деп келіп едім,- дейді.

- Ауыл қалай, ағайындар аман ба? - деп қал сұрасып жатырмыз.

- Иә, аға бәрі жақсы, сол жолы құрылысқа қажетті заттар алып кеткен едім. Соның біршамасын осы жолы түгелдеп әкетіп барамын, - деді.

Ойыма әлгі қу балтам сап ете түссін. Жиенімнің жүзіне қарасам қыбыжықтап төмен қарағандай болды. Көзін көзіме тура қарамай алып қаша береді.

- Ә, жау қайда десем, жанымызда жүр екен ғой. Тағы да нені қақшып кетуге келдің. Ертең осыдан балтамды үйіңнен көрсем, «жиендік» істедім деп құтылып кетпекшісің ғой! деген секундтан жылдам сұмаң ой санамда тоқ жүргендей зу етті. Ешқайсысына дәлел жоқ. Балта ізі қайым.

Балта табылғанша қанша адамды ұры етерімді кім білсін. Сенбі күні кешкілік үйді жинастырып жүрген қызым: - Көке, іздеп жүрген балтаңыз мынау ма? -деп құж желке балтамды аяқ киім қоятын сөренің астынан шығарып тұр.

«Сен алдың!» демесем де ішкі ойыммен ұры тұтқан маңайымдағылардан ұят болды. Енді балтам табылған соң Досханға да, Құраққа да, жиеніме де қараймын олардың түрлерінен ешқандай ұрлық жасаған «қылмыскердің» белгісін таба алмадым. Балта табылған соң әлгі күдіккүмәндар күл болып ұшып кеткендей. Досханның баяғы сол жымия күліп жүргені, Құрақтың сол еңбекқорлығы, жиенімнің жібектей ұяңдығы, басқа ештеңе жоқ.

Өзгені өзгеге танытуға, (өсектеуге) тануға, ғайбаттауға, нақақтан жала жабуға, қара күйе жаға салуға құмарақпыз, ал енді өзге түгілі өзімізді өзіміз осы күнге дейін танымай келгенімізге қайранмын. Үш күн тығылып жатып өзімді өзіме танытқан «алтын сапты» балтама қарай бердім.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ
Islam.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ

ОБСУЖДЕНЫ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ

КАК МЫ СООБЩАЛИ РАНЕЕ, 6-7 ОКТЯБРЯ В АЛМАТЫ В РАМКАХ ГОДА ДЕТЕЙ ПРОШЛА МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ ПЕДИАТРОВ И ДЕТСКИХ ХИРУРГОВ КАЗАХСТАНА «ПЕДИАТРИЯ КАЗАХСТАНА: ВЧЕРА, СЕГОДНЯ И ЗАВТРА», ПОСВЯЩЕННАЯ 90-ЛЕТИЮ НАУЧНОГО ЦЕНТРА ПЕДИАТРИИ И ДЕТСКОЙ ХИРУРГИИ, ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА ВЕДОМСТВА.

В юбилейном мероприятии приняли участие педиатры со всех регионов Казахстана и делегаты из Беларуси, России, Таджикистана, Узбекистана, Великобритании, Германии, Украины, Чехии, ведущие специалисты и руководители научных институтов, а также профессора медицинских вузов.

Основной целью конференции является обсуждение вопросов и обмен опытом по сохранению и укреплению здоровья детей, организация качественного медицинского обслуживания детей, обсуждение актуальных вопросов диагностики и лечения болезней детского возраста.

Торжественное открытие конференции началось с показа фильма «Научному центру педиатрии и детской хирургии – 90 лет» и приветствий Вице-Министра здравоохранения РК Вячеслава Дудника, директора Департамента охраны здоровья матери и ребёнка МЗ РК Магрипы Ембергеновой, ректора НАО «КазНМУ имени С.Ж.Асфендиярова» Марата Шоранова и Председателя правления АО «Научный центр педиатрии и детской хирургии» Абая Кусаинова.

Вице-Министр здравоохранения Вячеслав Дудник в своем приветственном слове отметил ряд важных инициатив Минздрава, направленных на улучшение качества оказания медицинской помощи детям и поздравил Научный центр педиатрии и детской хирургии с 90-летним юбилеем.

«В целях раннего выявления наследственных болезней и врожденных пороков развития в стране реализуются скрининговые исследования беременных и детей. Ежегодно скринингами охвачено свыше 400,0 тысяч беременных и более 1,6 миллионов детей. Создано 18 центров охраны плода и открыто более 1,5 тысячи кабинетов развития ребенка.

В Казахстане успешно практикуются инновационные малоинвазивные методы хирургической коррекции врожденных аномалий. Ежегодно проводится более 1,5 тысяч оперативных вмешательств новорожденным с врожденными пороками развития. Эффективность оперативного лечения по итогам 2021 года составляет свыше 85,0%.

Успешно развивается детская кардиохирургия и интервенционная кардиология. Ежегодно в РК детям с врожденными пороками сердца проводится свыше 2 500 оперативных вмешательств, в том числе 3 и 4 уровней сложности, отметил вице-министр здравоохранения.

Внедрение современных программ полихимиотерапии, трансплантации гемопоэтических стволовых клеток, интравитреальной химиотерапии, органосохраняющих хирургических вмешательств, позволило увеличить общую выживаемость детей с злокачественными новообразованиями в Казахстане до 74,6% и улучшить качество их жизни.

За счет финансирования ОСМС значительно улучшена доступность реабилитационной помощи детям, если в прошлом году свыше 53 тыс. детей прошли реабилитацию, то в текущем году курсы восстановительного лечения прошли уже свыше 62 тыс. детей», сказал Вице-Министр здравоох-ранения РК Вячеслав Дудник.

Директор Департамента охраны здоровья матери и ребенка МЗ РК М.Х.Ембергенова, горячо поздравив всех педиатров с юбилелейной датой, вручила награды сотрудникам Научного центра педиатрии и детской хирургии, отличившихся многолетним, безупречным трудом.

«От всей души поздравляю всех с 90-летием флагмана педиатрии и детской хирургии Казахстана. На протяжении 90 лет ведущий флагман педиатрии и детской хирургии Казахстана спасает жизни маленьких граждан нашей страны. Авторитетный научный центр сыграл одну из ведущих ролей в становлении и развитии отечественной педиатрии. Сегодня Научный центр педиатрии – прекрасный пример инновационного развития, основанного на интеграции науки, клиники и образования. От лица коллектива КазНМУ выражаю благодарность всем ветеранам, которые посвятили не один десяток лет своей профессиональной деятельности, оберегая здоровье детей со всей республики. Вы заложили надежную базу для перспективного роста и являетесь хранителями лучших традиций. Выражаю глубокую признательность коллективу за плодотворную работу в деле укрепления здоровья маленьких граждан нашей страны. Искренне поздравляю всех сотрудников Центра с юбилеем, желаю крепкого здоровья, успехов, благополучия, процветания и успехов в работе на благо нашего народа!», сказал в своем приветственном слове Ректор КазНМУ имени С.Ж. Асфендиярова Марат Шоранов.

Говоря об успехах Научного центра педиатрии и детской хирургии ректор КазНМУ Марат Шоранов отметил значительные успехи и научные достижения, которыми Центр встречает свое девяностолетие.

В Научном центре педиатрии и детской хирургии проводятся уникальные операции по трансплантации костного мозга, внедряются инновационные технологии химиотерапии, проводятся оперативные вмешательства детям с первых дней их жизни, развивается детская кардиохирургия. Была отмечена огромная консультативно-практическая и организационно-методическая помощь всем педиатрическим медицинским организациям страны.

Научный центр педиатрии и хирургии является клинической и обучающей базой для многих клинических кафедр КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова, постдипломной подготовки и курсов повышения квалификации врачей. На базе НЦПДХ осуществляется подготовка резидентов по специальностям «педиатрия», «детская хирургия», «неонатология», «пульмонология детская», «онкология и гематология детская».

Марат Шоранов подчеркнул важность оказания качественной медицинской помощи детям и внимание к этому вопросу высшего руководства страны. Примечательно, что именно в объявленный президентом Казахстана Годом детей Научный центр педиатрии и детской хирургии отмечает свое 90-летие.

В пленарном заседании были заслушаны доклады, отражающие основные достижения, проблемы и пути решения многих проблем в деле оказания медицинской помощи детям страны, роль Научного центра педиатрии и детской хирургии в дальнейшем развитии педиатрической службы. Генеральный директор Национального медицинского исследовательского центра детской гематологии, онкологии и иммунологии Галина Новичкова в рамках пленарного заседания выразила благодарность Центру педиатрии за многолетнее сотрудничество и поделилась опытом по развитию детской онкологической и гематологической службы в России.

Конференция прошла в офлайн и онлайн формате. В ней приняли участие более 6000 детских врачей. Участники поделились научными и практическими опытами в диагностике и лечении заболеваний у детей, а также обменялись мнениями по актуальным вопросам охраны здоровья детей. Конференция объединила практикующих врачей из регионов и ряда зарубежных стран, видных ученых, общественных деятелей – всех, для кого забота о подрастающем поколении – не только сфера профессиональных интересов, но и настоящее призвание. Все сессии были насыщены интересными докладами, сопровождавшимися дискуссиями и обсуждением как в очном, так и онлайн форматах.

Двухдневная программа конференции включила в себя тематические сессии как: «Актуальные проблемы педиатрии и неонатологии», «Детская хирургия: современные методы и направления», «Современные вопросы диагностики и лечения орфанных заболеваний», «Современные технологии диагностики и лечения онкологических и гематологических заболеваний», «Актуальные вопросы патологоанатомической диагностики», «Роль медицинских сестер в организации медицинской помощи детям».

Конференция завершилась принятием Резолюции, в которой участники конференции наметили дальнейшие планы развития педиатрической службы в Республике Казахстан.

Организаторы мероприятия: Научный центр педиатрии и детской хирургии при поддержке МЗ РК, фонда Н.Назарбаева и Союза педиатров Казахстана.

Наш.корр.

СУДЕБНАЯ ЭКСПЕРТИЗА

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЕ УСЛУГИ

Обеспечение верховенства закона, защита конституционных прав и интересов граждан, юридических лиц во многом зависит и от деятельности Институтов судебных экспертиз.

Социально-экономические процессы, происходящие в обществе обусловливают растущую общественную потребность в высококвалифицированной юридической помощи гражданам и юридическим лицам. В этой связи особая роль отводится судебной экспертизе, которая является наиболее квалифицированной формой использования специальных знаний. Защита прав и интересов граждан, в первую очередь, напрямую связаны с обеспечением доказательств. Доказательственная информация, полученная в результате осуществления судебных экспертиз, дает возможность быстро и обоснованно выносить решения при разрешении дел, существует реальная возможность получения доказательственной информации путем установления фактических данных на основе специальных научных знаний при возникновении имущественных и наследственных споров, определении стоимости товаров, оценки движимого и недвижимого имущества, определения стоимости восстановительного ремонта автотранспортного средства после дорожно-транспортного происшествия, оценки стоимости имущества при его разделе и т. д.

В целях оказания содействия в получении сведений, необходимых для осуществления защиты законных интересов юридических и физических лиц по письменным обращениям в «Институте судебных экспертиз Министерства юстиции Республики Казахстан по области Жетісу» проводятся специализированные исследования с использованием научных средств и методов.Для получения услуг в области судебной экспертизы юридические и физические лица обращаются с письменным заявлением о проведении необходимых исследований, представляют объекты и иные материалы, необходимые для проведения экспертных исследований и дачи заключения, знакомятся с порядком предоставления, стоимостью, условиями получения и оплаты этих услуг, с последующим и обязательным заключением договора. В договоре определяется наименование и объем оказываемых услуг, условия и сроки их получения, порядок расчетов, права, обязанности и ответственность сторон, а также стоимость платных услуг в соответствии с Прейскурантом цен на платные услуги РГКП «Центр судебных экспертиз. Оплата за предоставленные специализированные услуги производится в форме 100% предварительной оплаты безналичным расчетом. Для получения информации по назначению и проведению специализированных исследований просим обращаться по адресу: г.Талдыкорган, п.Отенай, ул.Жасулан 2«б», тел/факс: 8 (7282) 41-04-21, e-mail: taldykorgan@cse.kz

Г. АМЕРСАНОВА,
Эксперт Института судебных экспертиз по области Жетісу.

Бейсенбі - Четверг, 20 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 03.35 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Күйеу бала-2»
14.10, 17.15 «Қызық екен...»
15.15 Деректі фильм
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15, 03.00 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.20«1001 түн»
00.35«Сана»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00«Бізге хабарласқан»
10.35 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Сериал«Другая Я»
18.00 Новости
19.00Қорытынды жаңалықтар
23.00 Сериал «На самой грани»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х«Дастан»
11.30 Т/х «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар»
14.40, 01.50 Сериал «Улыбка пересмешника»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
19.20 «Сонар»
20.00 «Астана таймс»
21.55Т/х «Жетім жүрек-2»
03.40 Т/х «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той базар»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 02.25 Сериал «А у нас во дворе»
13.05 «Дом с лилиями»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «Полицейское братство»
00.30 Т/с «Собор»
01.40 «Охото на изюбря»

КТК

07.05, 04.00-04.30 «КТК қоржынынан»
07.20,19.30, 03.30Кешкі жаңалықтар
07.50 «Жат туыстар»
09.30,21.00 Вечерние новости
10.10, 23.40 «Морские дьяволы. Дальние рубежи»
12.30, 21.40 Сериал «Танцы на углях»
14.30 «Беглянка»
16.20, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
18.55 «Қорықшы: қарымта соққы»
20.00, 03.05 Астарлы ақиқат
01.40 Сериал «Королева бандитов»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
11.30 «Мамандық маңызы»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 «Жаңа Қазақстан»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 «Бүгін»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Қасиетті Қонаев»
19.30 «Жаңа Қазақстан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 20.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 Сериал «Анупама»
10.00 Мультсериал
10.20 «Потомки солнце»
12.50 «Толстяк против всех»
14.50Х/ф «50 первых поцелуев»
17.00 Х/ф «Говорящие с ветром»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Кино «Экипаж»
01.40 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What's up?
02.30 Сериал «Паутина»
03.20 « Әзіл студио»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 «Bala batlle»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.10, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 19.30 Т/с «Смерт в объективе»
14.00, 23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00, 22.00 «Әке мен әке»
16.10, 00.00 «Дылды»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Жұма - Пятница, 21 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.25 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.35 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан».
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Бақыттың кілті»
14.10. 17.15 «Қызық екен»
15.15 «Жаңа Қазақстан»
15.45Т/х «Бақытсыздар бағы»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «Көңілашар»
00.00 «Парасат майданы»
00.35 «Сана». Ток-шоу
02.10 «Өмір көктем»
03.00 «Жаңа Қазақстан». Сұхбат

ХАБАР

05.00 Мегахит «Горячие новости»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Өнеге»
10.30 М/с «Мишки-братишки. Снова вместе»
11.00, 20.00 «Келінжан-4»
12.00, 21.00 «Көзімді жұмсам да...»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Сериал «Вторая жизнь Анны»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
23.00 Мегахит «Город Тайн»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.00 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.00 Т/х «Ене»
12.00, 23.50 Т/х «Күң мен ханзада»
13.40 Ток-шоу «Айтарым бар»
14.40 «Президент пәрмені»
14.50, 01.30 Сериал «Условия контракта-2»
16.00 Т/х«Мәриям»
17.00 «Бизнес по Казахский в Америке» худ. фильм
19.15, 02.45 Т/х «Ангел -хранитель»
20.00 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Дастан»
21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жаңалықтар»
06.10 «Көреміз»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00 Сериал «И все-таки я люблю..»
13.00 Сериал «Городские шпионы»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 «Поле чудес»
21.55 «Фантастика»
00.50 Х\ф «Патент»
02.45 Сериал «И все таки я люблю»
03.35 Жаңалықтар
03.45 «Көреміз»
04.35 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан» ойын-сауық бағдарламасы
07.20 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.50 Т\Х «Жат туыстар»
09.30 Вечерние новости (повтор)
10.10 «Пересуд» драма
12.10 «Упертый» драма
13.30 «Королева бандитов»
16.30 «Зәкира» драма
17.30 Т/х «Құпия қобдиша»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
20.35 «КТКweb» жаңа маусым
21.00 Вечерние новости
21.40 «Формула счастья» мелодрама
01.50 «Испытание-2» мелодрама
02.40 «Зәкира»
03.25 «Дау-дамайсыз»
03.50 «КТК web»
04.10, 04.40 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 «Жаңа Қазақстан»
13.30 «Сегодня»
14.10 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.15 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «AgroLife»
19.30 «Жаңа Қазақстан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі» прямой эфир
09.00, 00.50 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
10.00 М/с «Три кота»
10.30 М/с «Маша и медведь»
10.50, 11.50 Х/ф «Сеня - Федя»
12.50 Х/ф «Не шутите с Зоханом»
15.25 Х/ф «Черный дрозд»
17.30 Х/ф «Дом летающих кинжалов»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Человек в железной маске»
01.40 «31 әзіл»
02.00 Сериал «Базарбаевтар»
02.40 1001 әзіл
03.00 Әзіл студио
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
07.00, 01.40 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 17.30 Сериал «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
10.00, 19.30 Сериал «Скорая помощь»
13.40 Т/х «Ата-ана. Бала -шаға»
14.10, 21.30 Т/х «Boss әйел»
15.20, 00.40 Сериал «Гадалка»
16.30 «Орел и решка»
18.30 Айбат
19.00 «Студия 7»
22.40 Т/х «Отыңды өшірме»
02.40 «Жайдарман»
03.40 Телехикая «ЯПЫРАЙ»

Сенбі - Суббота, 22 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 02.25 «Күміс көмей»
07.15, 20.00, 00.40 Ақпарат
07.50, 01.55 «Тұлға»
08.20, 22.15 «Көңіл толқыны»
09.20, 02.55 «Әйел әлемі»
09.55 «Ырыстың қазығы»
10.00,18.00 Т\Х «Жүректегі күз»
12.00 «Әзіл әлемі»
14.00 М/ф «Ойыншықтар хикаясы»
15.15 «Меломен» тобының концерті
16.20 Д\ф «Қар барысының ізімен»
16.45 «Нартәуекел»
20.30 «Мағжан. Мен жастарға сенемін»
22.30 Т\Х «Бауырлар
23.30 «Көңілашар»
01.10 Д/ф «Әлемді өзгерткен идеялар»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00 Концерт «»Алашұлы
08.00 Мегахит «Веселые каникулы»
10.00 «Спорт әлемі»
10.30 Д/ф «Көмбе»
11.00 Заезжай и живи
12.00 «Дарын»
13.00 М/ф «Птичий дозор»
14.30 М/с «Нильс»
15.00 Т/х «Келінжан-4»
16.30 «Абайдың соңғы күндері»
17.30 Айтыс «Асыл домбыра»
19.00 Мейрамбек Беспаевпен «Covershow»
21.00 «7 күн»
21.40 «Не хабар»
22.40 Мегахит «Битва при лонгтане»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.20, 21.10 Т/х «Дастан»
10.25 Х/ф «Көшпенділер»
13.25 Х/ф «Я-пышка»
15.25 Т/х «Напарники»
17.00 «Көру керек!»
18.10 «Той жыры: Беркут и Аиша»
18.40 «Жұлдызбысың»
20.00 «Сапар таймс» апталық-сараптамалық
21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
23.50 Х/ф «My love is Aisulu»
02.20 «Бақыт құшағында»
02.50 Х/ф «Өкініш»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.30 «Той заказ»
08.00 «П@утина»
09.00 «Проуют»
10.15 Сериал «День солнца»
15.10 Х/ф «Женский детектив»
16.30 «Бестің шайы». Тікелей эфир
18.30 «Айна»
19.00 Х/ф «Петрович»
21.00 Сериал «Пуанты для плюшки»
01.10 «Поехали»
02.00 «П@утина»
02.45 «Той базар»
03.30 «Той заказ»

КТК

07.05 Т/х«Үлкен үй»
07.40 «Озат отбасы»
08.30 «КТК web»
09.00 «Вечерние новости» (повтор)
09.40 «Юморина», шоу-программа
11.00 Т/с «Райский уголок»
15.30 Т/х «Аталар сөзі»
17.10 Т/с «Замкнутый круг»
21.00 Т/с «Райский уголок»
01.20 Т/с «Королева бандитов»
02.50 «Аталар сөзі»
03.55, 04.40 «Озат отбасы»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «AgroLife»
12.00 Д/ф «Джеки Чан»
13.00 «Жаңа Қазақстан»
13.30 «Бүгін»
14.10 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.15 «Әсем әуен»
15.00 «Қазақ үні»
15.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
16.00 «Сыр шертер»
16.30 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.50 «Ай мен күн» телехикаясы
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Итоговые новости
22.00 «Сделано в Казахстане»
22.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
23.00 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Тәтті шоу»
08.00 «31 әзіл»
09.00 «Күліп ал»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Алдараспан»
12.00 «Спарк. Герой Вселенной»
14.00 «Келинка тоже человек-2»
16.05 «Джон Картер»
19.00 «Тачки»
21.30 «Стражи галактики. Часть 2»
00.30 «Bizdin show»
02.00 «Первый поцелуй»
04.00 «Тамаша лайв»
04.30 Әзіл студио
05.00 «1001 әзіл»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.20 «Жайдарман»
08.30, 00.40 «Жұлдыздың жары»
09.00 «Гадалка»
09.40 «Регина+1»
10.30 «Орел и решка»
11.30 «Измайловский парк»
14.30 Сәлем Қазақстан!
15.40 Т/х «Бастық боламын»
16.40 Сериал «Кукольный дом»
21.00 Шоу «Битва поколений!»
22.40 Х/ф «13 район: Ультиматум»
03.20 Т/х «Япырай»
04.00 «Тамаша»

Жексенбі - Воскресенье, 23 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30 Ақпарат
07.00, 03.05 «Күй керуен»
07.30 Д/ф «Дәуір даналары»
08.20 «Ақсауыт»
08.45 М/ф «Ойыншықтар хикаясы»
10.00, 18.00 «Жүректегі күз»
12.00, 20.50 Т/х «Мағжан. Мен жастарға сенемін»
14.25 «Музарт» ансамблінің 20 жылдық концерті
17.25 «Тіршілік»
20.00 «Апта»
22.35 Телехикая «Бауырлар»
23.35 «Көңіл толқыны»
00.35 «Апта»
01.25 «Ақсауыт»
01.45 Д/ф «Әлемді өзгерткен идеялар»
02.30 «Тіршілік»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00 Концерт «Туған ел»
08.00 Мегахит «Битва при лонгтане»
10.00 «Спорт тайм»
10.30 «Помощь в дом»
11.30 «Әке бақыты»
12.30 «Балақай»
13.15 М/ф «Маленький вампир»
14.35 М/с «Нильс»
15.00 Т/х «Келінжан-4»
17.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Жұп-жұбымен» шоу
19.00 «Жеті қазына»
21.00 «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.15 «Культурный контекст»
23.15 Мегахит. «Загнанный»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 «Жұлдызбысың»
12.00 «Шаншар»
15.25 Т/х «Напарники»
17.00 «Уақыт келді»
18.10 Т/х «Жұрттың балалары»
19.00 «Бақыт құшағында»
19.40 «Көру керек!»
21.55 «Жетім жүрек-2»
23.50 Х/ф «Осторожно, корова!»
02.30 Х/ф «Көкжалдар»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.30 «Той заказ»
08.05 «П@утина»
09.05 «Воскресные беседы»
09.20 «Повара на колесах»
10.35 «Қаймақ»
11.20 «КВН-2022». Высшая лига
14.10 «Пуанты для плюшки» сериал
18.55 «Добрый вечер.Казахстан»
20.00 «Грани» Прямой эфир
21.00 «Сводные судьбы» сериал
01.30 «Что? Где? Когда?»
02.40 «П@утина»
03.35 «Той заказ»

КТК

07.05 «МІР-ЗЕН»
08.10 «Озат отбасы»
09.00 «Юморина»
11.10 Мелодрама «Райский уголок»
15.30 Т/х «Аталар сөзі»
17.10 Мелодрама «Персональный ангел»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Волшебная тюбетейка Тайлака». Комедия
00.00 Мелодрама «Королева бандитов»
02.00 Т/х «Аталар сөзі»
03.15 «Озат отбасы»
04.00-04.30 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Мамандық маңызы»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
11.50 Инфо-блок
12.00 М/ф «Блинки Билл»
13.00 «Әсем әуен»
13.25 роликтер
13.30 «Сделано в Казахстане»
14.10 «AgroLife»
14.30 «Ән тыңдайық»
15.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
16.00 «Мамандық маңызы»
16.35 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 Д/ф «Мәдени байлықтар»
17.50 «Ай мен күн телехикаясы
18.30 «Олжа»
19.00 «Сыр шертер»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Ақтілек» концерті

31 КАНАЛ

06.00 « Әзіл студио»
07.00 «Тамаша лайф»
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 Фильм«Спарк: Герой Вселенной» (повтор)
12.00 «Келинка тоже человек-2» (повтор)
14.00 «Джон Картер» (повтор)
17.00 Фильм «Тачки» (повтор)
19.30 «Стражи галактики. Часть 2» (повтор)
22.20 «Крид наследие Рокки»
01.10 «31 әзіл»
02.00 Тамаша live
03.00 What's up?
03.30 Әзіл студио
04.00 «1001 әзіл»
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.00, 04.50 «Қуырдақ»
07.20 Сәлем Қазақстан
08.30, 01.10 «Жұлдыздың жары»
09.00 «Измайловский парк»
12.00 Шоу «Битва поколений»
13.50 «Өмір-өзен» ән кеші
16.50 Т/х «Бастық боламын»
18.50 Х/ф «13 район: Ультиматум»
21.00 Сериал «Месть на десерт»
01.50 Жайдарман
02.50 Т/Х «Япырай»
03.50 «Тамаша»

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД
Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтары бір жыл ішінде 1 триллион теңгеге өсті

БЖЗҚ-ның 1 қыркүйектегі негізгі көрсеткіштері

2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында **13,97 трлн. теңге** зейнетақы жинақтары қалыптасты. Бір жыл ішінде(01.09.2021ж. - 01.09.2022 ж.) сома **1,02 трлн.** теңгеге немесе **7,9 %** өсті.

Зейнетақы жинақтарының негізгі бөлігі міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен **13,6 трлн. теңгені** құрады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары **416,0 млрд теңге**, ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы көлемі шамамен **3,0 млрд. теңге**.

Кіріс ағындары, атап айтқанда, жарналар биыл көбейе түсуде. 2022 жыл-дың сегіз айында салымшылардың шоттарына жалпы көлемі шамамен **1,1 трлн. теңге** зейнетақы жарналары түсті, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 29% немесе **246,7млрд. теңгеге** көп. Өсім жарналардың барлық түрі бойынша болғанын атап өту керек. Жарналардың жалпы көлемінің **95,3%** БЖЗҚ-ға МЗЖ бойынша түсімдер құрайды – **1,0 трлн теңге** (соңғы 12 айдағы өсім 29%), МКЗЖ бойынша **50,1 млрд. теңге** (өсім 37%) түссе, ЕЗЖ бойынша **1,6 млрд. теңге** (өсім 293%) аударылды.

Зейнетақы жинақтарының айтарлықтай өсуі 2022 жылғы 1 қаңтар мен 1 қыркүйегі аралығында шамамен **694,7 млрд. теңгені** құраған таза инвестициялық табыстың арқасында қамтамасыз етілді.

2022 жылдың 1 қыркүйегіне БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны **12,0 млн.** бірлікке жетті. Шоттардың ең көп үлесі міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен ашылды – **10 907 012 бірлік** МКЗЖ бойынша қалыптасқан шоттар **581 410 бірлік** болса, ЕЗЖ есебінен қалыптасқан жеке зейнетақы шоттарының саны **346 793 бірлікке** жетті.

Жыл басынан бері БЖЗҚ өз салымшыларына **1 триллион теңгеден** асатын сома төледі. Оның басым бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және емделу мақсаттарына арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) құрады – **868,3 млрд теңге.** Жасына байланысты төлемдер – **75,9 млрд. теңге,** мұрагерлік бойынша төлемдер – **43,2 млрд. теңге**, ҚР шегінен тыс ТТЖ кетуге байланысты төлемдер – **34,0 млрд. теңге,** сақтандыру ұйымдарына аударымдар шамамен **17,5 млрд. теңге,** жерлеуге арналған төлемдер – **3,7 млрд. теңге** және мүгедектік бойынша төлемдер – **1,6 млрд. теңге.**

Атап кету керек, БЖЗҚ-дан кесте бойынша ай сайынғы орташа төлем (зейнет жасына толуына байланысты) **29 859 теңге**, ал ай сайынғы ең жоғары төлем **707 326 теңге** болды.

Қазақстандықтар 15 миллионнан аса үзінді көшірмені онлайн алды

2022 жылдың басынан бастап **2022 жылдың 1 қыркүйегіне** бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшылар мен алушыларға **22,3 миллионнан астам қызмет** көрсетті. Оның ішінде **15,2 млн-нан** астам операция электрондық форматта, шамамен **5,5 млн-ы** – автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, қазақстандықтар зейнетақы қызметтерінің шамамен **92,5%**қашықтан алды.

БЖЗҚ салымшылары екі-үш батырманы басып-ақ жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме, ЖЗШ-ның бар-жоғы туралы анықтама алып, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы, сондай-ақ, ерікті зейнетақы жарналары бойынша өтініш беріп, төлемге өтініштің мәртебесін қадағалап және т.б. қызмет түрлерін ала алады. Салымшылар үшін ең танымал қызмет – жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу. Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша салымшылар онлайн форматта **15 миллионнан астам үзінді көшірме** алды.

Міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын автоматты түрде ашу – өтінішсіз қызмет көрсету форматында жүзеге асырылады. Естеріңізге сала кетейік, жеке тұлғаның БЖЗҚ-да ашылған ЖЗШ болмаған жағдайда, ол алғашқы жарна түскенде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады. Бұл ретте жеке тұлға МЗЖ, МКЗЖ немесе ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер арқылы сәйкестендіріледі. Салымшының қолданыстағы құжатының деректемелері мен тұрғылықты жері туралы барлық қажетті мәліметті БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады. Осылайша, қор салымшыларына шамамен **5,5 миллион қызмет** автоматты түрде көрсетілді.

Кейбір қызметтерді алу үшін (мысалы, мұрагерлік бойынша немесе тұрақты тұруға шетелге кетуге байланысты зейнетақы төлемдерін рәсімдеу) құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажет, оны пошта арқылы немесе жеке өзі не БЖЗҚ кеңсесінде сенім білдірілген адам арқылы ұсынуға болады. Сонымен қатар, Қор мамандарына көзбе-көз жүгінуді әлі күнге дейін жөн көретін салымшылар да бар. Сондықтан жыл басынан бері БЖЗҚ бөлімшелері арқылы Қазақстан бойынша салымшылар мен алушыларға дәстүрлі түрде **1 миллионнан аса қызмет** көрсетілді. Естеріңізге сала кетейік, Қордың жақын жердегі бөлімшесін enpf.kz сайты немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасы арқылы оңай табуға болады.

Көшпелі қызмет көрсету барысында шамамен **56,5 мың операция** жүргізілді. Қордың мұндай қызмет көрсету түрі, ең алдымен, халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын (мерзімсіз мүгедектігі бар 1-ші және 2-ші топтағы мүгедектер) салымшыларға (алушылар) арналған.

«БЖЗҚ» АҚ мен «Қазпошта» АҚ-ның шалғайдағы елді мекендерде ұлттық пошта операторының бөлімшелерінде Қор салымшыларына зейнетақы қызметтерін ұсыну жөніндегі бірлескен жобасы аясында 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша 347 пошта бөлімшесінде **7,5 мыңнан астам қызмет** көрсетілді.

БЖЗҚ сапалы кеңес беру қызметтерін ұсынуға және Қор салымшылары мен алушылары үшін ақпараттық арналарды дамытуға ерекше көңіл бөледі. 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша салымшылар мен алушылардан түрлі байланыс арналары арқылы түскен **612,2 мыңнан астам өтініш** өңделді.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ салымшылары мен алушылары байланыс орталығына 1418 нөмірі бойынша (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) хабарласып, сондай-ақ, enpf.kz корпоративтік сайты, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber мессенджерлеріндегі чат-бот арқылы, БЖЗҚ-ның Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында ақыл-кеңес ала алады.

БЖЗҚ салымшыларының жыл басынан бергі таза инвестициялық кірісі 694 миллиард теңгеден асты

2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының зейнетақы жинақтары **13,97 триллион теңге** болды. Бұл қаражаттың зейнетақы жарналары мен инвестициялық кірісті қамтитыны белгілі.

Зейнетақы жинақтарындағы инвестициялық табыстың үлесі жыл сайын өсіп келеді. Жалпы, 2014 жылдан бері Ұлттық банк қамтамасыз еткен таза инвестициялық табыс (БЖЗҚ-да барлық зейнетақы активтерін біріктіру үрдісінің аяқталуы) **6,7 трлн теңгеге** жетті. Зейнетақы жинақтарында жинақталған таза инвестициялық кірістің үлесі жүзеге асырылған төлемдерді ескергенде **36,9%** құрады.

2022 жыл геосаяси жағдайдың нашарлауы аясында қаржы нарықтарындағы жалпы тұрақсыздықпен сипатталды. Кезең басынан бастап инфляцияның өсуі және қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалауға байланысты оң да, теріс те көрсеткіштерді көрсететін зейнетақы активтері кірістілігінің құбылмалылығы байқалады.

Дегенмен, құралдар, салалар және валюталар бойынша портфельді әртараптандыру есебінен шілдеде өткен айлардың уақытша төмендеуін жапқан оң инвестициялық табыс алынды. Сегіз айдың қорытындысы бойынша салымшылар мен алушылардың шоттарына 694,7 млрд теңгеден астам инвестициялық кіріс түсті. Зейнетақы активтері бойынша ҚР Ұлттық Банкімен қамтамасыз етілген соңғы 12 айдағы кіріс (2021 жылдың қыркүйегінен 2022 жылдың тамызына дейін) **8,58%** құрады.

Айта кету керек, зейнетақы жинақтары – бұл ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық табыстың мөлшерін кемінде 1 (бір) жыл кезеңінде талдау орынды. Қысқа мерзімді деректер (апта сайынғы, ай сайынғы және т.б.) – айқын нәтиже көрсетпейді, өйткені, ол нарықтың үнемі құбылмалылығына тәуелді.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған күннен бастап (1998 жыл) 2022 жылдың 1 қыркүйегіне инвестициялық кірістілік барлық кезеңдегі инфляция **632,79%** болғанда өсу қорытындысымен **721,56%** құрады.

Инвестициялық басқарудың және зейнетақы активтерін есепке алудың барлық жүйесі ашық болып табылады: әрбір салымшы өзінің инвестициялық табысын enpf.kz сайты немесе мобильді қосымшадағы Жеке кабинеттен көре алады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі және БЖЗҚ зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат БЖЗҚ ресми сайтындағы (www.enpf.kz) «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

Тақырып бойынша бейнетүсіндірме – сілтеме бойынша.

МАМАН МІНБЕРІ

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Ұстаз – жас ұрпақты жалпы адамды ізгілікке баулып, жақсылыққа тәрбиелейтін, білім беретін оқытушы. Елімізде білім беру саласы жылдан-жылға жаңарып, бәсекеге қабілеттілігі артуда. Сондықтан күнделікті жаңалықтан құр қалмау үшін мұғалімдер де үнемі біліктілігін арттырып отырады.

Заман ағымынан қалмау үшін мұғалім жинақы, жігерлі, өзгерістерге икемді болуы шарт. Ұстаздардың біліктілігін арттыру – қазіргі заман талабы екендігі сөзсіз. Білім саласындағы жаңашылдықтар бір жағынан мұғалімнен үлкен жауапкершілікті талап етсе, екіншіден өзінің заман ағымына сай біліктілігін көтеруіне ықпал етеді. Дана халқымыздың «Қарны ашқа балық берме. Қармақ бер» деген әдемі сөзі бар. Бұрын біздің түсінігімізде ұстаз тек ақпарат беруші тұлға ретінде қалыптасса, бүгін заман талабы бұл түсінікті өзгертуге мәжбүрледі. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ұлан-ғайыр ақпарат кеңістігінде өзіндік білім іздеп, өмір бойы білім алуға мүмкіндігі бар тұлға қалыптастырушы болуы керек. Бір сөзбен айтқанда жаңа біліктілікті арттыру жүйесінің алдында тұрған басты міндет, оқушыға біліммен қатар сол білімді өзіндік іздеуді үйрететін ұстаз қалыптастыру. Сонымен қатар жыл сайын мектеп ұстазының білім деңгейіне, кәсіби деңгейіне, педагогикалық шеберлігінің шыңдалуына қойылатын талаптар күшеюде. Сол себептен ұстаздың біліктілігін арттыру мәселесі тек мемлекет пен білім беру жүйесінің ғана басым мақсаты болмауы керек. Биылғы жылы тамыз айында «Өрлеу» орталығының қолдауымен тарих пәнінен өткен курсқа қатысып, білімімді шыңдап, тәжірибемді арттырдым. Лекция оқып, іс-тәжірибесімен бөліскен оқытушымыз Тұрар Махмудовичке алғысым шексіз.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің жүрегі – ұстаз» деген екен. Дәл осы ұстаз – жастардың өмірге, қоғамға, мемлекетке деген көзқарасын қалыптастырушы басты тұлға.

Заманауи ойлау қабілеті жетілген, өмірде өзін-өзі қалыптастыруға дайын, Отанын шынайы сүйетін және оның болашағын ойлайтын жастарды тәрбилеу тек кәсіпқой ұстаздың қолынан келетіні анық.

Сәулет БАТЫРХАНОВА,
Барлыбек Сырттанұлы атындағы №25
орта мектебі тарих пәнінің мұғалімі.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ



ГАЗДАН УЛАНЫП, КӨЗ ЖҰМДЫ

Іле ауданына қарасты Жомарт саяжайында бір отбасының төрт адамы газға уланып көз жұмды. Бұл туралы Алматы облыстық төтенше жағдайлар департаменті мәлімдеді.

Орта жастан асқан үй иесі мен оның үш ұлы ұйықтап жатып уланған. Бәрі көз жұмды. Бұл уақытта марқұмның әйелі – балалардың анасы үйде болмаған. Отбасы екі ай бұрын Тараз қаласынан көшіп келген. Қаза тапқан балалардың анасы 1973 жылы туған азаматша Іле ауданындағы мектептердің бірінде аспаз болып жұмыс істейді.

«6 қазан күні таңғы сағат 5-те жолдасы әйелін жұмысқа апарып, үйдегі ұлдарына қайтып келген. Жұмыстан кейін үйге оралған әйел шамамен сағат 16.00-де ұлдары мен күйеуінің денесін тапқан», – деп атап өтті төтенше жағдай өкілдері.

Анықталғандай, ер адам үйіндегі газ пешіне 25 литрлік газ баллонын өз қолымен қосып қойған.

Осыған сай төтенше жағдай департаменті газ құралдарын пайдалану кезінде жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін азаматтардан мынадай ережелерді сақтауды сұрайды:

– жаңа жылыту жабдықтарын орнатуды білікті мамандар жүргізуі тиіс;

– газ жабдығымен өз бетінше әрекет етуге, тиісті рұқсатсыз газдандыруды жүргізуге, газ аспаптарын жөндеу және қайта орналастыру үшін кездейсоқ адамдарды тартуға тыйым салынады. Газбен байланысты барлық жұмыс түрлерін тек мамандандырылған ұйымдар орындауы керек;

– газ баллондары мен газ жабдықтарын тек осы өнімді сатуға сертификаты бар мамандандырылған ұйымдардан сатып алу керек. Өйткені, жұмыс істеп тұрған газ аспаптарын қауіпсіз пайдалану және оларды тиісті жағдайда ұстау үшін олардың иелері жауапты болады. Ешқашан газ құрылғыларын, соның ішінде газ баллондарын бөгде адамдардан сатып алмаңыз;

– мамандардың газ жабдықтарын жыл сайын тексеруі міндетті.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАҢА КІТАП

«СЕМСЕР ЖҮЗІНДЕГІ СЕРТ»

Астана, Алматы қаласында тұсаукесері өтіп, зиялы қауым өкілдері мен жас оқырмандардың құрметіне бөленген жазушы Әділбек Ыбырайымұлының «Семсер жүзіндегі серт» атты роман-трилогиясының таныстырылымы Талдықорған қаласындағы Тіл сарайында өтті.

Тұсаукесерді Қазақстан жазушылар одағы Жетісу облыстық филиалының төрағасы, ақын Әміре Әрін жүргізді.

– Қазақ әдебиетінің тарихи прозасына ерекше бітімді, Алатаудай асқақ, Сарыарқадай шалқар пішінді үлкен роман-трилогия келді. Оны бүгінгі қазақтың ғана емес, келесі ұрпақтың, Мәңгілік елдің үлкен олжасы деп білген жөн. Сол құнды қазынаны ортамызға алып келген, Тоныкөк бабамыз айтқандай: «Түн ұйықтамай, күн отырмай, мәңгі терін төгіп, өмірге әкелген Әділбек бауырымызға алғысымыз мол. Әдебиет деген үлкен айдын, соның ішінде тарихи проза алтын діңі болып табылады. Өйткені тарихи шығарма ең алдымен – қоғамның санасын ашады. Оқырманның ой дүниесіне, жас жүрегіне сәуле жүгіртеді. Ал тарихи сана – ұлттың тірегі. Бүгін қолдарыңызға тиген «Семсер жүзіндегі серт» атты үш томдық еңбек сондай ғажап дүние, – деді.

Келесі кезекте сөз алған Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Нүсіпбай Әбдірахым мен ақын Жомарт Игіман, жазушы Есболат Айдабосын, жазушының сыныптасы, белгілі журналист Гүлбаршын Сабаевалар да кітап жайлы ойларымен бөлісті. Жазушының жерлестері Ақсу ауданының әкімі Есім Базархановтың құттықтау хатын оқып, қазақ дәстүрімен иығына шапан жапты.

Үлкен еңбекті жомарт жүректі азамат өмірге әкеледі. Ал үш ғасырға жуық тарихты бүгінгі күннің көзімен қайта түгендеп шығу үшін мол тәжірибе, шалқар шабыт, соны ізденіс керек. Жазушы Арасанбай Естеновтың: «Әділбектің алғашқы өлеңдерін оқығындаақ болашақта үлкен қаламгер болатынын байқап едім. Содан бергі жазушылық сапарында көптің ықыласына бөленген талай еңбекті өмірге әкелді. «Семсер жүзіндегі серт» роман-трилогиясында Әділбек Ыбырайымұлы күрделі тақырыпты сәтті алып шықты» дегені авторға да, шығармаға да берілген құнды баға.

Қазақстан Жастар одағы және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты бұл тақырыпқа үлкен ізденіспен келді. Шаршаса да, шалдықса да мойымай, бүгінге дейін 20-ға жуық кітаптың авторы атанды. Сол мол тәжірибе бүгінгідей тарихи еңбек жазуға жетелеп әкелді.

Роман-трилогия Тезек төренің қырғыз сапарынан басталады. Сондықтан да тұсаукесерге Тезек төренің ұрпақтары Бағдат пен Азамат Ақылбековтер арнайы шақырылыпты. «Роман-трилогияның Тезек төренің қырғыз сапарынан басталғаны да тегін емес. Шоқан Уәлихановтың: «Дүниеде әділдік пен адалдықты ту еткен адамнан артық ешкім жоқ», – деген сөзі бүкіл қаламгердің алдында тұруы керек. Біздің қазақ болып қалуымыз бен қалыптасуымызға бірден-бір себеп түркітілдес халықтардың әділдікті ту етіп келе жатқаны. Тезек төренің өмірі тарихи құжаттармен дәлелденген. Міне, бүгін көркем әдебиетке арқау болып отыр. Сол алтын арқауды әдептеген еңбектің де мәңгілік ғұмырлы болатынына сенімдімін», – дейді Бағдат Ақылбеков.

Елді біріктірудің, жұртты берекеге ұйытудың ең басты құралы – тарихи сана. Біз бай тарихы бар, ата-бабаларымыздың ерлік шежіресі ауқымды, ел мен жерді қорғаудың тектілігін өмірлік болмысы арқылы дәлелдеген ұлттың ұрпағымыз. Өкінішке қарай, кейінгі 3 ғасырда тарихымыз талауға түсіп, бабаларымыздың рухани болмысын тануда кенжелегеніміз рас. Алайда, тәуелсіздіктен кейін тарихшылар мен жазушылар, ақындар мен өлкетанушылар күндіз-түні тынбай ізденіп, талай ақтаңдақтың бетін ашты. Сол қатарда осы күнге дейін толық ақиқаты айтылмай, бағасы берілмей келе жатқан Кенесары ханның ұлт-азаттығы жолындағы ерлік күресі бар. Өйткені ол туысқан түркітілдес ұлттардың, қойы қоралас, ауылы аралас қазақ руларының арасындағы қарым-қатынасты сөз ететін өте нәзік тақырып еді. Осы бір күрмеуі қиын тарихқа жазушы Әділбек Ыбырайымұлы «Семсер жүзіндегі серт» атты роман-трилогиясы арқылы баға берді.

Осыған дейін Ілияс Есенберлиннен бергі қаламгерлер тарих тақырыбында көптеген дүние жазды. Олардың көбі белгілі бір кезең, белгілі бір тұлға, белгілі тақырып төңірегінде қалам тербесе, Әділбек Ыбырайымұлы қазақтың кемінде 3 ғасырлық тарихын тарқатты. Тіпті, салыстырмалы баяндау тәсілімен кешегі қазақ мемлекеттігінің негізін қалаған үйсін, сақ, ғұн, қаңлы тарихынан да мағлұмат береді. Яғни, өткен мен кеше, бүгін ортасындағы тарихи сабақтастықты тың ой, өрелі тұжырыммен өрнектеді. Кітаптың артықшылығы да, күрделілігі де, жауаптылығы да осында.

– Кенесары хан жайлы ең алғаш 7-8 жасымда ата-анамның аузынан естіген едім. Содан бері осы тақырып өзіне қызықтырумен келді. Құла түзде арғымақпен шауып бара жатқан Кенесары бейнесі көз алдымнан кетпеді. Басында толқыныстар болды. Осы тақырыпқа отыруға батылым бармады. Солай ізденіп жүріп Кенесарының қазақ халқының тұтастығын, әлем өркениетіндегі мейманасының тасуын, терезесі тең болуын ойлаған адам екеніне сендім. Қазақтың мойнына түскен темір бұғауды сыпырып тастау үшін күресті, сол жолда тығырыққа тіреліп, Сарыарқадан Жетісуға келіп, саяси қысымның ықпалымен қырғыз жерінде қаза табады. Қалың жаудың ортасында тұрып: «Сендер астымдағы атымнан, қойнымдағы қатынымнан, алдымдағы асымнан, иығымдағы басымнан айырсаңдар да, қазақты рухынан айыра алмайсыңдар. Бұл мен орындай алмаған аманатым, халқыма аманат», – деген аталы сөзін айтып, әуелетіп ән салып көз жұмады. Мен тек сол аманатқа қиянат жасамай, осы еңбекті ұрпақ еншісіне бердім, – деді автор қорытынды сөзінде.

Роман-трилогия бабалар аманатына адалдық тұрғысында ақиқаттың ащы шындығын ашып айтқан құндылығымен бағалы. Сондықтан жаңа еңбекті рулық деңгейден биік ұлттық сана тұрғысынан оқу керек.

Қ. АНДАС.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

ҰМЕКЕН ОҚУЛАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Нағыз өлең – адам денесі сияқты құрамды құбылыс. Оған ой да, сезім де, шеберлік те – бәрі керек. Өлең осы керектілердің бәрін өз бойына сіңіріп, төрт аяғын тең басқан кезде ғана жатталып қалмақ. Ақын ағамыз Төлеген Айбергенов айтқандай-ақ, күні бүгінге дейін поэзия сегіз қырлы, бір сырлы, төрт аяғын тең басқан таңғажайып болып келді, біздің бүгінгі кейіпкер үшін де солай болып қала бермек...

Күні кеше Атырау облысында қазақтың классик ақыны, Қазақстанның Мемлекеттік Гимні авторларының бірі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жұмекен Нәжімеденов атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы ұйымдастырылды. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келетін байқау қорытындысында Жетісу облысының атынан қатысқан Аршын НҰРБАҚЫТ бірінші орынды иеленді.

Байқаудың ерекшелігі мұнда тек 18 бен 35 жас аралығындағы өнер саласына мүлдем қатысы жоқ жандар ғана бақ сынайды. Дәстүрлі байқау болғасын ұйымдастыру жағы да ерекше назарға алыныпты. Қатысушылардың жол ақысы, жатын орнына дейін ұйымдастырушы тараптан қолға алынған.

Атырау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының мұрындық болуымен өткен шараға әуелде 16 үміткер қатысуға ниет танытқан. Дәлірек айтсақ, әр облыстың тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жергілікті өңірден бір үміткерді ұсынған. Алайда байқауға дейін әртүрлі себептермен саны қысқарып 13 қатысушы бақ сынаған. Байқау шартының бірінші кезеңінде Жұмекен шығармашылығынан еркін тақырыпта бір өлеңін мәнерлеп оқу міндеттеліпті. Тартысты сында Аршын Айдынбекұлы автордың «Топырақ» өлеңін оқыса, екінші кезеңде «Даңқ пен дақпырт» повесінен үзінді оқыған.

Жетісу облысының атынан қатысқан жеңімпаз күллі түркі жұртының ата қонысы болған, адамзат тарихының алтын арқауы өр Алтайдың күнгей бетіндегі Шығыс Түркістан топырағында дүниеге келген. Алтайдың төсінде асыр салып, ауасын жұтып, асық ойнап ер жетеді. Туған жердің табиғаты да адам тағдырына айрықша әсер етеді деген сөз бар. Бала жастан сұлулыққа, көркемдікке, табиғи тазалыққа жаны құштар болып өседі.

2002 жылы Зайсан ауданына қарасты Шілікті орта мектебінің табалдырығын аттайды. Бала кезінен кітапты жата жастанып оқып жүріп, сөзден сурет салған баланың қабілетін сынып жетекішісі байқайды. Оған қарттар күніне орай өлең шығар деп тапсырма береді. Осылайша поэзияға әуес болған бала ең алғашқы өлеңін 6 сыныпта жазыпты. Содан бері қолы босаған уақытта отыра қалып, ақ қағазға өлең жазып, поэзияны жанына серік етеді. Мектепішілік іс-шараларға белсене қатысады. Сахналық қойылымдардың сценарийін жазып, мерекелерге арнайы өлеңдер шығарады. Аудандық, облыстық Абай, Шәкәрім оқуларының жеңімпазы, түрлі мүшәйралардың жүлдегері атанған.

2013 жылы мектепті үздік аттестатпен бітіріп, Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне құжаттарын тапсырады. Аталмыш оқу орнының филология факультетінің студенті атанып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады. Бұдан кейін білімін одан әрі тереңдету мақсатында аталған оқу орнында тарих мамандығынан магистр дипломын алады.

Студент бола жүріп, 2014 жылы «Алдаркөсе» қуыршақ театрында актер болып еңбек жолын бастаса, 2020 жылдан бері қарай «Жетісу» радиосының редакторы болып қызмет атқарып келеді.

– Негізі мектеп жасынан арманым журналист болу еді. Әсіресе рухани, ұлттық тақырыптағы деректі фильмдерді, танымдық хабарларды көру қатты ұнайтын. Сол сүйіспеншіліктің жетегінде жүргенде Қазақстан ұлттық телеарнасынан «Айтуға оңай» хабары көрсетіле бастады. Қазақ журналистикасының қайраткері, марқұм Бейсен Құранбек ағамыз тізгіндеген бағдарламаны ауылда еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін тапжылмай тамашалайтын. Қаншама мұқтаж жандарға қол ұшын созып, көптің ықыласына бөленген хабар журналистикаға деген ынтызарлығымды одан әрі оятты. Менің де елге жәрдемдескім келді, сүрінгенге сүйеу, жығылғанға демеу болып ақпарат таратуға әуестігім артты, – дейді Аршын Айдынбекұлы.

Бүгінде ол үлкен жауапкершілікті талап ететін жолда аянбай еңбек етіп келеді. «Жетісу» радиосындағы «Шапағат», «Ғибрат», «Қайраткер», «Естелік», «Күнделік», «Білте шамның жарығы» сынды хабарларды жүргізіп жүр.

– Бұл саланы өзім жаныммен қалап таңдап келдім. Сол уақыттан бері қарай бірде бір рет мамандық таңдағаныма деген өкініш болмапты. Қайта уақыт өткен сайын тәжірибе жинақтай түстім. Журналистикаға қадам басып, қатардан көрініп жатсам ең әуелі радиомыздың жетекшісі Есболат Айдабосын ағамның себепкерлігі деп білем. Жоғары оқу орнын бітіріп, магистратурада білім алып жүрген кезде Есболат аға жұмысқа шақырған еді. Содан бері өзінің ағалық ақылын айтып, шығармашылық бағыт-бағдар беріп қолдап келеді. Және де радиомыздың бас редакторы болған Айнұр Төлеу әпкеммен әріптес болып, тәлімін алдық.

Журналистік жолда марқұм Нұртілеу Иманғали, Бейсен Құранбек сынды ағалардың жолын өзіме үлгі, өнеге ретінде ұстаймын, – дейді кейіпкер ағынан жарылып.

Орынды айтылған жылы сөз адам жанын жадыратып, жігерлендіреді. Аршын аға жайлы оның айналасындағылар да жақсы пікірде.

Салтанат ЖЕКСЕНБЕК, «Жетісу» радиосының журналисі: – *Аршын ағамен бірге әріптес болып келе жатқанымызға екі жылдың көлемі болды. Осы уақытқа дейін оның бойынан бір ерсі қылықты байқамаппын. Өзінің сабырлығымен, ұстамдылығымен, аққөңілділігімен ерекшеленетін адам. Әрдайым білмеген нәрсеміз болса ақылын айтып, жол сілтеп жүреді. Ол әр бағдарламаның ұсақ-түйегіне шейін мән беретін, жұмысына аса жауапкершілікпен қарайтын жақсы маман.*

Мұхтар КҮМІСБЕК, ақын, «Егемен қазақстан» газетінің тілшісі, досы:

– Оның – жаны театр. Сахнадағы образды санаға сіңіріп, қарашығына қоныстанған сюжеттерді үнемі жүрегінде әлдилеп жүреді. Әнге деген, өлеңге деген көзқарасы өзгеше... Өзі баяғы радиоларда шырқалатын ескі әндердің ырғағы секілді... Болмысы баяу, талғамы терең... Жыр оқығанда басқа кеңістікке көтеріліп кетеді. Тағдыр жолы журналистикаға жетектеп әкелмесе, нағыз театр актері болатын азамат.

Расында, кейіпкер өз жұмысын тыңғылықты орындап жатқанын өз ісімен дәлелдеп келеді. Жұмысының қаншалықты жемісті болып жатқанын эфирге арнайы келіп алғыс айтып жүрген тыңдармандарынан байқауға болады. Оның айтуынша, эфирге ризашылығын айтып келетін тыңдармандар сөзі оған шабыт береді. Соның арқасында жұмыс сапасы да жоғары болмақ.

Әріптесімізді алған жүлдесімен құттықтап, жұмысына шығармашылық табыс тілейміз. Жұлдызыңыз жана берсін, Аршын!

Арайлым НҰРЖАПАР

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕНПФ

Казахстанцы за год увеличили свои пенсионные накопления на 1 триллион тенге

Ключевые показатели ЕНПФ на 1 сентября

На 1 сентября 2022 года на счетах вкладчиков Единого накопительного пенсионного фонда сформированы пенсионные накопления на сумму**13,97 трлн тенге**.За год (01.09.2021-01.09.2022 г)сумма выросла на **1,02трлн** тенге или **7,9%**.

Основная сумма пенсионных накоплений сформировалась за счёт обязательных пенсионных взносов (ОПВ) и составила **13,6 трлн тенге**. Сумма пенсионных накоплений по обязательным профессиональным пенсионным взносам (ОППВ) составила **416,0 млрд тенге**, сумма пенсионных накоплений по добровольным пенсионным взносам (ДПВ) составила порядка **3,0 млрд тенге**.

Входящие потоки, в частности, взносы в этом году продолжают увеличиваться. За восемь месяцев2022 года на счета вкладчиков поступили пенсионные взносы в общем объёме порядка **1,1трлнтенге**, что превысило показатель за аналогичный период 2021 года на 29% или на **246,7 млрд тенге**.Надо отметить, что рост произошел по всем видам взносов. Из общего объёма взносов **95,3%** составляют поступления в ЕНПФ по ОПВ – **1,0трлн тенге** (рост за последние 12 месяцев 29%), по ОППВ поступило **50,1 млрд тенге** (рост 37%).**1,6 млрд тенге** (рост 293%) было перечислено по ДПВ.

Значительный прирост пенсионных накоплений был обеспечен благодаря чистому инвестиционному доходу, который с 1 января по 1 сентября 2022 года составил **694,7 млрд тенге.**

Число индивидуальных пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 сентября 2022 составило **12,0 млн** единиц. Наибольшее количество счетов открыто по обязательным пенсионным взносам (ОПВ) – **10 907 012единицы**. Количество счетов, сформированных за счёт ОППВ-**581 410ед.**,ИПСпо учету ДПВравняется**346 793ед.**

С начала года ЕНПФ выплатил свыше **1 триллионатенге.** Большую часть выплат составили единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение - **868,3млрд тенге**. Выплаты по возрасту составили**75,9 млрд тенге,** выплаты по наследству - **43,2 млрд тенге**,выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК - **34,0 млрд тенге**, в страховые организации переведено порядка **17,5 млрд тенге**, выплаты на погребение - **3,7 млрд тенге** и выплаты по инвалидности - **1,6 млрд тенге**.

Стоит отметить, что сумма средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ (в связи с достижением пенсионного возраста) составила **29 859тенге**, а максимальная сумма ежемесячной выплаты **707 326тенге**.

Казахстанцы получили более 15 миллионов выписок онлайн

На 1 сентября 2022 года более**22,3 миллионов услуг** оказано Единым накопительным пенсионным фондом вкладчикам и получателям с начала 2022 года. Из них более **15,2 млн операций** проведено в электронном формате, а порядка**5,5 млн** – в автоматическом режиме. Таким образом, порядка **92,5%** пенсионных услуг казахстанцы получают дистанционно.

Вкладчики ЕНПФ на данный момент буквально в два-три клика могут получить выписку с индивидуального пенсионного счета, внести изменения и дополнения в свои реквизиты, получить справку о наличии ИПС, подать заявление о назначении пенсионных выплат в связи с установлением инвалидности 1 или 2 группы бессрочно, а также по добровольным пенсионным взносам, отслеживать статус заявления на выплату и многое другое.Наиболее популярной услугой у вкладчиков является получение выписки с индивидуального пенсионного счета. На 1 сентября в онлайн формате вкладчики получили более **15 миллионов выписок**.

Беззаявительный формат обслуживания предусматривает автоматическое открытие индивидуальных пенсионных счетов по учету обязательных пенсионных взносов (ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) и добровольных пенсионных взносов (ДПВ). Напомним, в случае отсутствия у физического лица в ЕНПФ открытого ИПС, он открывается в информационной системе ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса. При этом идентификация физического лица осуществляется по персональным данным, указанным в электронном формате платежного поручения при перечислении ОПВ, ОППВ или ДПВ. Все необходимые сведения о реквизитах действующего документа и месте проживания вкладчика ЕНПФ получает из информационных систем государственных органов. Таким образом, вкладчикам Фонда в автоматическом режиме оказано порядка**5,5 миллионов услуг**.

Для получения некоторых услуг (к примеру, оформления пенсионных выплат по наследству или в связи с выездом на ПМЖ) требуется предоставление оригиналов документов, которые можно предоставить по почте или лично, либо через поверенного в офисе ЕНПФ. Кроме того, есть вкладчики, которые до сих пор предпочитают личное обращение к специалистам Фонда. Поэтому посредством традиционного очного обслуживания в подразделениях ЕНПФ по всему Казахстану вкладчиками получателям с начала года былооказано более **1 миллиона услуг**. Напомним, ближайшее отделение Фонда можно легко уточнить на сайте enpf.kz, либо мобильном приложении ЕНПФ.

В ходе выездногообслуживания проведено порядка **56,5 тыс. операций**. Такой вид предоставления услуг Фонда предусмотрен, прежде всего, для вкладчиков (получателей), относящихся к категории социально уязвимых слоев населения (инвалидов 1-й и 2-й группы, имеющих инвалидность бессрочно).

В рамках совместного проекта АО «ЕНПФ» и АО «Казпочта» по предоставлению пенсионных услуг в отдалённых населённых пунктах в отделениях национального почтового оператора вкладчикам фонда на 1 сентября 2022 года в 347 почтовых отделениях было оказано более**7,5 тыс. услуг.**

Особое внимание ЕНПФ уделяет предоставлению качественных консультационных услуг и развитию информационных каналов для вкладчиков и получателей Фонда. На 1 сентября2022 годаотработано свыше **612,2 тыс.обращений,** полученных по различным каналам коммуникаций с вкладчиками и получателями.

Напоминаем, получить консультацию вкладчики и получатели ЕНПФ могут в call-центре по номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), а также на корпоративном сайте enpf.kz, посредством чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18 и на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter,Telegram, Одноклассники.

Чистый инвестиционный доход вкладчиков ЕНПФ с начала года превысил 694 миллиарда тенге

Сумма пенсионных накоплений вкладчиков Единого накопительного пенсионного фонда на1 сентября2022 года составляет **13,97 триллионов тенге.** Как известно, данная сумма включает в себя пенсионные взносы вкладчиков и инвестиционный доход.

Доля инвестиционного дохода в пенсионных накоплениях ежегодно растет. В целом, чистый инвестиционный доход, обеспеченный Национальным банком с 2014 года (окончания процесса объединения всех пенсионных активов в ЕНПФ), составил **6,7** трлн тенге. Отметим, что доля накопленного чистого инвестиционного дохода в пенсионных накоплениях с учетом осуществленных выплат составляет **36,9%.**

2022 год характеризуется общей нестабильностью на финансовых рынках на фоне ухудшения геополитической ситуации. С начала периода наблюдается рост инфляции и волатильность показателей доходности пенсионных активов, зависящей от рыночной и валютной переоценки финансовых инструментов и демонстрирующей как положительные, так и отрицательные показатели.

Тем не менее, за счет диверсификации портфеля по инструментам, отраслям и валютам, в течение июля был заработан положительный инвестиционный доход, перекрывший временное снижение прошлых месяцев. По итогам за восемь месяцев на счета вкладчиков и получателей поступил инвестиционный доход в размере **694,7 млрд тенге**. Доходность за последние 12 месяцев по пенсионным активам, обеспеченная Национальным Банком РК (с сентября 2021 года по август 2022 года), составила **8,58%.**

Стоит подчеркнуть, что пенсионные накопления – это долгосрочные инвестиции и анализировать размер инвестиционного дохода целесообразно за период не менее 1 (одного) года. Краткосрочные данные (еженедельные, ежемесячные и т.д.) – не являются показательными, т.к. зависят от постоянных изменений рыночной конъюнктуры.

Отметим, что инвестиционная доходность со дня основания накопительной пенсионной системы (1998 год) на 1 сентября 2022 года с нарастающим итогом составила **721,56%** при инфляции за весь период **632,79%.**

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность».

Видеокомментарий по теме – на YouTube-канале БЖЗҚ ЕНПФ по ссылке.

МЕДИАЦИЯ

ОСНОВАНИЕ ДЛЯ ПРЕКРАЩЕНИЯ УГОЛОВНОГО ДЕЛА

В целях создания для граждан и юридических лиц правовой основы для выбора способа разрешения возникшего спора (конфликта), в том числе и без обращения в соответствующие государственные органы, а также в целях упорядочения деятельности лиц, участвующих в урегулировании конфликтных ситуаций (медиаторов) 28 января 2011 года принят Закон Республики Казахстан "О медиации".

Как указано в Законе, медиация (процедура урегулирования спора, конфликта между сторонами при содействии медиатора в целях достижения ими взаимоприемлемого решения, реализуемая по добровольному согласию сторон)может применяться по спорам, возникающим из гражданских, трудовых, семейных и иных правоотношений с участием физических и (или) юридических лиц, а также в ходе уголовного судопроизводства по делам о преступлениях небольшой и средней тяжести.

Вместе с тем, Законом установлен запрет на применение медиации по спорам, если они затрагивают или могут затронуть интересы третьих лиц, не участвующих в процедуре медиации, а также лиц, признанных судом недееспособными, в случаях, когда одной из сторон является государственный орган, а также по уголовным делам о коррупционных преступлениях и иных преступлений против интересов государственной службы и государственного управления.

Следует отметить, что законом внесены изменения в Уголовный кодекс, согласно которым лицо, совершившее преступление небольшой или средней тяжести (за исключением коррупционных и иных преступлений против интересов государственной службы и государственного управления), подлежит освобождению от уголовной ответственностилибо может быть освобождено от уголовной ответственности, если оно примирилось с потерпевшим, в том числе в порядке медиации и загладило причиненный потерпевшему вред.

Как следует из норм Закона, применение процедуры медиации возможно только по возбужденным уголовным делам, на досудебной стадии производства либо в судебных стадиях.Однако, договор о медиации не приостанавливает производство по уголовному делу, а медиация должна быть осуществлена в установленные уголовно-процессуальным законом сроки досудебного и судебного производства.

Заключение сторонами соглашения об урегулировании конфликта в порядке медиации является основанием для прекращения уголовного дела органом, ведущим уголовный процесс.

Айгуль КАСЕНОВА,
судья СМУС Алматинской области.

КОРРУПЦИЯ

ЗЛОУПОТРЕБЛЕНИЕ СВОИМИ ПОЛНОМОЧИЯМИ

В настоящее время понятие «коррупция» часто упоминается в журналах и газетных статьях многих изданий мира. Можно сказать что коррупция – это злоупотребление своими полномочиями в личных интересах. Было бы ошибочно понимать под коррупцией банальную взятку, которая является только одной из разновидностей этого преступления.

Коррупция сегодня - это получение материальных и юридических преимуществ путем обхода законов в своих интересах, это и решение локальных частных проблем за счет «своих» людей. Коррупция - это ни что иное, как использование государственных функций в частных интересах, которые, как правило, идут вразрез с интересами общества, интересами национальной безопасности государства.

Республика Казахстан основываясь на нормах международного права, выразила намерение вырабатывать и применять эффективные правовые меры, направленные на предупреждение коррупции и борьбу с ней, на обеспечение устойчивого развития государства, его политической, экономической и социальной систем, интересов национальной безопасности.

Правовую основу противодействия коррупции в Республике Казахстан составляют Конституция РК, Уголовный Кодекс Республики Казахстан, Уголовно-процессуальный Кодекс Республики Казахстан, Закон РК «О противодействии коррупции» и другие нормативные правовые акты, предусматривающие основные направления и конкретные меры противодействия и борьбы с коррупцией.

Асель КАСЕНОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СҰХБАТ

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАЙТА КЕЛЕТІНІМЕ СЕНІМДІМІН

Қазақстанда алғаш рет ұйымдас¬ты¬рылған ATP 500 Astana Open турнирінде мерейлі 90-шы жүлдесін жеңіп алған сербиялық теннисші Новак Джокович жарыстан кейін журналисттермен тілдесіп, Қазақстан туралы, турнирдің деңгейі жөнінде өз ойын ортаға салды. Сондай-ақ әлемдік аренадағы қазақстандық теннисшілердің жетістіктерін атап өтті.

– Егер менен осы турнирдегі ең үздік ойыныңыз қайсы болды деп сұраса, ойланбастан финалдық матч деп жауап берер едім. Өйткені мен финалда ойынды агрессивті түрде бастаған мықты қарсыласпен жолықтым. Ол кортта мені ыңғайсыз сезіндіру үшін барын салды. Оны сездім де. Бірақ мен ештеңеге қарамай, өз ойынымды ойнауға тырыстым. Кейінгі екі апта мен үшін өте табысты өтті. Алдыңғы аптада Тель-Авивтегі турнирде топ жарсам, бұл аптада Астанада олжалы болдым.

– Новак, Астана немесе Қазақстан дегенде сіздің ойыңызға бірінші қандай ой келеді? Бір сөзбен айтыңызшы.

– Бір сөзбен? Қиындау екен (күліп). Болат (Өтемұратов). 2019 жылы мен Астанаға алғаш рет келген едім. Сол кезден бастап Қазақстан дегенде ойыма бірінші Болат келетін. Біз өте жақсы араласамыз, ол менің отбасымды, командамды жақсы біледі, ағаммен жақын араласады. Сол кезде ол мені қайырымдылық матчында өнер көрсетуге шақырды. Осы жолы да Қазақстанға қайта келу мүмкіндігі бұйырғанына өте қуаныштымын. Қаланы аралап көруге уақытым болмады. Дегенмен астаналарыңыз инфрақұрылымы дамыған, сән-салтанаты келіскен қала екен. 2019 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президентімен кездестім. Осы жолы да Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен оның сарайында жүздестік. Адамдардың қонақжайлығына тағы таңдандым. Мұнда теннисті шынында да жақсы көреді екен. Жанкүйерлер де әлемдік теннис жұлдыздарының өнерін үнемі бақылап отыратыны аңғарылады. Ел Президентінен бастап қарапайым спортсүйер қауымға дейін. Бәрі теннисті қолдайды, ойнайды. Елена Рыбакина «Уимблдонда» жеңімпаз атанды, Қазақстанның «Дэвис кубогіндегі» командасы да өте жақсы өнер көрсетіп жүр. Олар өз елінде осы спорт түрінің дамуы үшін бәрін істеп жатыр деп айта аламын.

–Сіз бірнеше рет қазақстандық жас теннисші Бейбіт Жұқаевпен жаттығып үлгердіңіз. Оның болашағы туралы не айтар едіңіз?

– Меніңше, ол – мен көрген жас теннисшілердің ішіндегі соққысы жойқын спортшылардың бірі, рас айтамын. Біз командамызбен оның соққысы мықты екені туралы пікірлескен болатынбыз. Сондай-ақ біз оны Сербияға шақырып, кейде өзімнің теннис орталығымда менімен бірге жаттығуы туралы сөйлестік. Менің ол туралы пікірім өте жақсы. Оның шынында болашағы зор, әлеуеті мықты. Егер жаттығуын тоқтатпай, еңбектене берсе, алдағы уақытта табысты теннисшінің бірі болады.

– Сіз теннис короліне айналмай тұрып, бір кездері теннис мамандары, жанкүйерлері сізді ханзада деп атайтын. Қазір өзіңіздің ізбасарыңыз ретінде кімді айтар едіңіз?

– Жоғары бағаңызға рахмет (күліп). Қазір теннистің болашақ королі кім екенін болжау қиын. Менің ойымша, біздің спортты ғажап деңгейге көтеріп жатқан жас ойыншылар аз емес, солардың бірі – Стефанос Циципас (финалдағы қарсыласы). Биыл тамаша маусым өткізіп жатқан әлемнің бірінші ракеткасы Карлос Алькарасты да атап өтпесем болмайды. Бүкіл теннис қауымдастығына «үлкен үштікпен», яғни – Федерер, Надаль және менімен қоштасу қиын екенін түсінемін. Біздің қатарға Энди Маррейді де қосуға болады. Біз 15 жыл бойы теннистің алдыңғы қатарында болдық. Бірақ қазір «Үлкен дулығаны» жеңуге қабілетті жастар пайда болып жатыр. Бірақ біз Рафа екеуміз бұрынғыша мықтымыз және оларға үлкен аренада әлі де қарсылас болуға тырысып бағамыз. Бұл спорт үшін жақсы.

– Егер Astana Open келесі жылғы ATP күнтізбесіне енетін болса, Астанаға қайта келесіз бе?

– Астанаға келесі жылы келер-келмесімді нақты айта алмаймын. Себебі оған дейін бір жыл уақыт бар. Бірақ елдеріңізге турист ретінде немесе теннис турнирінің қатысушысы ретінде қайта оралғым келеді. Мұндағы адамдардың мені жылы қарсы алғаны сонша, бір күні қайтып келетініме сенімдімін.

АУЫР АТЛЕТИКА

АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Зульфия Чиншанло ауыр атлетикадан Азия чемпионы атанды.

Қазақстандық ауыр атлет Зульфия Чиншанло Бахрейнде ауыр атлетикадан өткен Азия чемпионатында жеңімпаз атанды, деп хабарлайды «Алатау» газеті Olympic.kz-ке сілтеме жасап.

Байрақты бәсекеде отандасымыз 55 кг-ға дейінгі салмақта алтын медальды жеңіп алды. Қоссайыс нәтижесі бойынша ол 220 (95+125) кг нәтиже көрсетті.

Екінші орынды 210 кг салмақта қытайлық Линлу Лю жеңіп алды. Үшінші орынға 193 кг-ға дейінгі салмақта өзбекстандық Нигора Абдуллаева қол жеткізді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БОКС

ОРТА САЛМАҚТА ЖҰДЫРЫҚТАСАТЫН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОКСШЫ ҚАНАТ ИСЛАМ (29-1, 22 КО) КӘСІПҚОЙ БОКСТАҒЫ КЕЛЕСІ ЖЕКПЕ-ЖЕГІН ӨТКІЗІП, ҚАРСЫЛАСЫНАН БАСЫМ ТҮСТІ.

ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

АҚШ-тың Флорида штатындағы Плант-Сити қаласында өткен бокс кешінде жерлесіміз аргентиналық Хавьер Франсиско Масьельмен (34-18, 23 КО) қолғап түйістірді. Сегіз раундқа жоспарланған айқаста 38 жастағы қазақстандық боксшы төрешілердің бір ауызды шешімімен жекпе-жектің жеңімпазы деп танылды.

Осылайша, отандасымыз кәсіпқой бокстағы 29-шы жеңісіне қол жеткізді. Ал өз елінде «Жыртқыш» деген лақап атымен танымал болған Масьель 18-мәрте жеңілістің кермек дәмін татты.

Айта кетейік, бұл – Қанат Исламның карьерасындағы алғашқы жеңілісінен кейінгі жеңісі. Ол осы жылдың ақпан айында британиялық Джимми Келлиден ұпай саны бойынша ұтылып қалған еді.

ДЗЮДО

ҚОРЖЫНЫМЫЗДА ҚОС ЖҮЛДЕ

Дзюдодан Ташкентте өтіп жатқан әлем чемпионаты бел ортадан асты. Әзірге «Қазақстан құрамасы табысты өнер көрсетіп жатыр» деп айтуға барлық негіз бар. Өйткені жарыстың алғашқы күні қоржынымызға қос жүлде түсті. Оны аса жеңіл салмақтағы Әбиба Әбужақынова мен Елдос Сметов жеңіп алды.

Әбиба сөзінде тұрды. Алғашқы айналымдарда Панамерика чемпионы, бразилиялық Аманда Лима мен Еуропаның екі дүркін чемпионы, әлемдік рейтингтің көшбасшысы, франциялық Ширин Буклиден басым түсті. Одан кейін құрлық біріншілігінің қола жүлдегері, сербиялық Милица Николичтен айласын асырды. Жартылай финалда әлем чемпионы, Азия ойындарының жеңімпазы, жапониялық Нацуми Цуно¬дадан ұтылып, қола медаль үшін бәсекеде Чилидің өкілі Мари Ди Варгас Лейді жеңді. Осылайша, Әбибаның есімі қазақ қыздары арасынан әлем чемпионатында жүлде алған тұңғыш дзюдошы ретінде тарихта қалды.

Бастапқы бәсекелерде әзербайжандық Карамат Хусейнов пен израильдік Матан Ковалаевты қапы қалдырған Елдос Сметовтің ширек финалда былтыр Токио Олимпиадасында күміс медальды мойнына іліп, Азия ойындары мен құрлық біріншілігін-де жүлдегер атанған тайпейлік Ян Юн Вэймен жолы қиысты. Иығынан алған жарақа-тын асқындырып алған әйгілі балуанымыз бұл бәсекеде кеңінен көсіле алмай, IJF рейтингінде көш бастап тұрған Вэйге есе жіберді. Десек те одан кейінгі екі белдесуде барын салған Сметов жұбаныш кездесуінде әлем чемпионатының қола және Еуропа ойындарының күміс жүлдегері, Еуропаның екі дүркін чемпионы, испаниялық Франсиско Гарригосты ұтып, үшінші орын үшін тартыста өзбекстандық Дильшодбек Баратовтан басым түсті. Сөйтіп, Елдос өзінің спорттық мансабында әлем чемпионатының үшінші жүлдесіне қол жеткізді. 2015 жылы ол Астанада алтын тұғырдан қол бұлғаса, 2019 жылы Токио және 2022 жылы Ташкентте қола медаль иеленді.

Материалдар «egemen.kz» сайтынан алынды

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

САЙЛАУ – 2022

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«АЛАТАУ» ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ 2022 ЖЫЛДЫҢ 20 ҚАРАШАСЫНДА ӨТЕТІН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫНА ҚАТЫСАТЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ САЙЛАУАЛДЫ ҮГІТ МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН БАСЫЛЫМ АЛАҢЫН БЕРУ ШАРТТАРЫ ЖАЙЫНДА ХАБАРЛАНДЫРАДЫ.

Газеттің басылым алаңын берудің жалпы шарттары мен тәртібі

Газеттің басылым алаңын беру Газеттің меншік иесімен Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидатқа баспа үгіттік және ақпараттық материалдарды орналастыру үшін басылым алаңын беру жөніндегі жазбаша келісім негізінде жүзеге асырылады. Келісімшарт пен тиісті құжаттардың формасы төменде келтірілген жазбаша өтінішті тапсыру кезінде беріледі. Үміткердің/ сенімді тұлғаның/ Газетпен басылым алаңын беру жөніндегі келісімшартқа қол қоюы үміткердің /сенімді тұлғаның/ сайлауалды үгіт жүргізуге байланысты Газеттің қызметін қабылдауға келісімі саналады. Мұндай келісімшарт жасау үшін үміткер /сенімді тұлға/ Газеттің меншік иесіне төмендегідей ақпаратты көрсете отырып **жазбаша өтініш** береді.

1) Жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, айы-күні мен уақыты;

2) Жазбаша өтініш берген үміткердің аты-жөні /сенімді тұлғаның аты-жөні/;

3) Тұлғаның жазбаша өтініш беруге өкілеттігін айғақтайтын құжат:

Үміткердің /сенімді тұлғаның/ жеке куәлігі, үміткердің /жеке тұлғаның/ уәкілетті мемлекеттік орган берген куәлігі, ҚР Заңдылығына сәйкес өзге құжат.

4) Жоспарланып отырған орын көлемі, үгіттік баспа материалдарының түрлері көрсетілген жазба-ша өтініштің мазмұны;

5) Үміткердің немесе сенімді тұлғаның қолы.

Газет осы Ақпараттық хабарлама негізіндегі жазбаша өтінішті 2022 жылдың 8 қазанынан бастап 2022 жылдың 14 қарашасын қоса алғандағы мерзімге дейін, демалыс және мерекелік күндерден басқа кездері, күн сайын сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін мына мекенжайда қабылдайды: **Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үй, 2-қабат.**

Жазбаша өтінішке тиісті құжаттардың көшірмелері қоса беріледі. Мақалаларда оның төленгендігі, материалды дайындаған жауапты тұлғалар, қаржыландыру көзі, ақпаратты берген тұлғалардың аты-жөндері жайындағы ақпарат болуы тиіс.

Үгіттік және ақпараттық баспа материалдарын беру тәртібі

Үгіттік баспа материалдары Газетке ҚР «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңы 28-бабының 3-тармағында көзделген көлемде, газеттің меншік иесімен басылым алаңын беру жөніндегі келісімшартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолы қойылып, беріледі.

Үгіттік және ақпараттық баспа материалдары Газетке модульдер немесе мақалалар түрінде беріледі.

Үгіттік және ақпараттық баспа материалдары газеттің шығатын күнінен 5 күнтізбелік күн бұрын беріледі.

Газет үгіттік және ақпараттық баспа материалдарын, егер онда конституциялық құрылымды күштеп өзгерту, Республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, әлеуметтік және рулық алауыздық, қатыгездік пен күш көрсету идеяларын, сонымен қатар заңнамада көзделмеген әскерилендірілген құрамаларды құру идеяларын бар деп тапса және заңдылықта қарастырылған басқа да негіздерде, қабылдаудан бас тартуға құқылы.

Барлық материал газеттің тек ішкі беттеріне орналастырылады.

Газеттің басылым алаңының мөлшері және төлем тәртібі

Үгіттік және ақпараттық материалдарды орналастыру үшін басылым алаңы төлемінің мөлшері:

ҚҚС-ты қоса алғанда журналистік мақалалар жарияланған беттерге мақалалар мен модульдерді орналастыру үшін 1 шаршы см. төлемінің мөлшері – 200 теңге.

Төлем Газет берген есепшот негізінде мұндай есепшот берілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде жүргізіледі.

Төлем газеттің басылым алаңын беру жөніндегі тиісті келісімшартта немесе есепшотта көрсетілген Газеттің банктік реквизиттеріне төленеді.

Бақберген ТҮКІБАЕВ,
«Алматы Болашақ» АҚ филиалы
«Офсет» баспаханасының директоры

СӨЗ ЖОҚ



ОРТАЛЫҚ САЯБАҚ



Суретті түсірген А. НҰРЖАПАР

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. СМАҒҰЛ.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 1009
Индекс 15534